



YESSENOV
UNIVERSITY

ISSN 1684-9299

Подписной индекс 76061



Yessenov Science Journal

№3 (41) 2021



Yessenov Science Journal

Ғылыми журнал 2002 жылдың
маусым айынан бастап шығарылады.

Жылына 2 рет шығады

Жекеменшік –

«Ш.Есенов атындағы Қаспий
технологиялар және инженеринг
университеті» ҚЕАҚ

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, 130000,
Ақтау қ., 32 шағын аудан, Есенов
университеті, бас ғимарат.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: : www.usj.u.edu.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде қайта тіркеуден
өткен құәлік №17181-Ж 21.06.2018ж.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 дана

Есенов университетінің редакциялық-
баспа бөлімінде басылып шықты

Редакция қеңесі

Бас редактор: Ахметов Б.Б., т.ғ.к.,
академик

Бас редактордың орынбасары:

Нурмағанбет Е.П., доктор PhD

Жауапты хатшы: Жанисенова А.М.

Чоудхури Д., доктор PhD,

Ұлыбритания

Боран-Кешишьян А.А., т.ғ.к., доцент,

Новороссийск қ., Ресей

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of Communication Technology

and Network Faculty of Computer Science
and Information Technology, Universiti

Putra, Malaysia

Янковский Т., профессор, Познань қ.,

Польша

Қошимова Б.А., ф.ғ.к., профессор

Жумаев Ж.Ж., т.ғ.д., профессор

Саймағанбетова Т.А., э.ғ.к., доцент

Қулиманова М.Р., ф-м.ғ.к., доцент

Шабылғанов М.П., т.ғ.к., доцент

Yessenov Science Journal

Научный журнал издается с июня 2002 года. Периодичность 2 номера в год

Собственник –
НАО «Каспийский университет
технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова»

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 130000, г.
Ақтау, 32 мкрн., здание университета
Есенова.

Тел./факс: +7(7292)788-788(259)

Сайт: : www.usj.yu.edu.kz

Журнал перерегистрирован в
Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан Свидетельство
№17181-Ж 21.06.2018 г.

ISSN 1684-9299

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-
издательском отделе Университета
Есенова

Редакционный совет:

Главный редактор: Ахметов Б.Б.,
к.т.н., Академик

Заместитель главного редактора:
Нұрмаганбет Е.П., доктор PhD

Ответственный секретарь:
Джанисенова А.М.

Чоудхури Д., доктор PhD,
Великобритания

Боран-Кешишьян А.А., к.т.н., доцент, г.
Новороссийск, Россия

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department
of Communication Technology
and Network Faculty of Computer Science
and Information Technology, Universiti
Putra, Malaysia

Янковский Г., профессор, г.Познань,
Польша

Кошимова Б.А., к.ф.н., профессор

Жумаев Ж.Ж., д.т.н, профессор

Саймағанбетова Г.А., к.э.н., доцент

Кулиманова М.Р., к.ф.-м.н., доцент


Пабылганов М.П., к.т.н., доцент

Yessenov Science Journal

*Scientific Journal published
Since June 2002.
Periodicity: 2 times a year*

*Proprietary-
NП JSC «Sh. Yessenov Caspian University
Of technologies and engineering »*

*Editorial address: Republic of Kazakhstan,
130003, Republic of Kazakhstan,
Mangystau region*

 *Aktau city, 32 microdistrict*

Web-site: www.y.sj.yu.edu.kz

Journal is re-registered in the Ministry of

Culture and Information

Republic of Kazakhstan

Certificate №17181-Ж dated 21.06.2018

ISSN 1684-9299

Circulation: 300 copies

Printed in Yessenov University

*Chief Editor: Ahmetov B.B., (Cand.Sci
(Eng.), academician)*

*Deputy Chief Editor: Nurmaganbet E.T.,
Dr. PhD*

Executive Secretary: Dzhanisenova A.M.

Chowdhury D., Dr. PhD, Great Britain

Boran- Keshishyan A.L., Cand.Sci (tech),

Novorosiisk, Russia

Mohamed Othman, Dr. PhD, Department

of communication technology and

Network faculty of Computer Science and

Information Technology, Putra University,

Malaysia

Jankowski G., prof., Poznan, Poland

Koshimova B.A., (Cand.Sci. (Phil)),

Zhumaev Z.h.Zh. (Dr. Sci. (Eng.))

Professor

Saimaganbetova G.A., (Cand.Sci. (Econ.),

associate professor),

Kulimanova M.R. (Cand.Sci. (Phys-Math),

associate professor),

Tabylganov M.T. (Cand.Sci (Eng.),

associate professor)



ХҒТАР 17.71.07

О. БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ПОВЕСІНДЕГІ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

ӘБИШЕВА Ш.С.

Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: abisheva-sharapat@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада ұлттық әдебиеттану ғылымындағы көркем уақыт пен кеңістік мәселелерінің теориялық тұрғыдан зерттелуі жайы сөз болады. Жазушы Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесінің идеясы, ондағы автор ұстанымы, жанрлық ерекшеліктері, шығармадағы көркем уақыт пен кеңістіктің берілу сипаты автордың сюжет құру шеберлігін саралау арқылы ашылып көрсетілді. Сондай-ақ көркем уақыт пен кеңістіктің сюжет құрудағы, кезең көрінісін, образдар жүйесін, кейіпкер характерін даралаудағы қызметі зерттеу нысанына алынды. Сонымен қатар шығармадағы көркем уақыт пен кеңістік, композициялық құрылым, сюжет және характер арасындағы байланыс нақты талдаулар негізінде дәлелденді.

Түйінді сөздер: тақырып, идея, стиль, авторлық ұстаным, көркем уақыт пен кеңістік, жанр табиғаты, сюжеттік-композициялық құрылым, жазушы шеберлігі.

О. Бөкей творчествосы әдебиеттану ғылымында, сын мәселелерінде айтарлықтай зерттелді десек артық айтқандық емес. «Оралханның прозасы өзінің терең өміршеңдігімен құнды, ол өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын бақытты жазушы» дегендей, қалың оқырман қаламгердің тырнақалды шығармаларынан бастап-ақ зор қызығушылықпен қабылдады. Оның сан түрлі тақырыпты арқау еткен туындыларында символикалық сипаттағы образдар жүйесі, пәлсапалық астарлы сюжеттер, тамаша композициялық құрылым мәселелері, жаңашылдық өрнектері, авторлық ұстаным айқын көрініс тапқан. Осы орайда С. Қирабаевтың: «Оралханның айтып жауыр болған ескі сүрлеуді таптай бермей, әдебиет әлеміне өзіндік айтар ойымен, өзіндік сырымен, үнімен келгені, өмірді өзінше көріп көркем бейнелеуге ұмтылысы, қаламгерлік жолдағы сәтті ізденістері оның оқырманын тез табуына бірден бір себеп болғаны ақиқат» [1, 77], – деп жазушы жаңашылдығын сөз етеді. Д. Исабеков болса, Оралханды не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді дей келе, мифтік, эпсаналық туындылары жайында адамзат пен әлем құпиялары, кеңістік пен адамзаттың байланысын ашуға талпынған шебер суреткер ретінде баға береді [2, 33].

О. Бөкей шығармаларында көркем кеңістік пен уақыт композициясы үлкен рөл атқаратынына шығармалары дәлел бола алады дедік. Жазушы туындыларындағы кезең, тіптен жыл мезгілдері өз бедерлеріне сай айшықты суреттелуімен қатар уақыттың да өлшемі, оқиғалардың мезгілі нақтылы көрініс табады.

Ғалымдар шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселелерін шындық өмірдің маңызды сипаттары, көркем шығарманың өмір сүруінің негізгі шарттары болып табылатындығын, сондай-ақ, жазушы дүниетанымының қалыптасуында, суреткерлік шеберлігін танытуда, көркем туындының жанрлық табиғатын саралауда, сюжеттік-композициялық құрылымын анықтауда маңызды рөл атқаратындығын бағамдайды.

Қаламгер шығармашылығы турасында ғалымдардың зерттеу еңбектерінде, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларда жазушы туындыларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері, повестеріндегі мифтік, эпсана-хикаялық сюжеттердің көркемдік қызметіне көбірек мән берілгендігін көреміз. Біз өз мақсатымызға қарай жазушының «Атау кере» повесіндегі заман талабын, кезең көрінісін шынайы берудегі, адам табиғаты, болмыс-бітімі, кейіпкер характерін даралаудағы кеңістік пен уақыт мәселесін сөз етпекпіз.

«Атау кере» хикаятының ең негізгі көтерген тақырыбы – адамның адамгершілік болмысы. Бәле-жала атаулыдан алыс, өз арманымен жасап алған «қиял» әлемінде күн кешіп жатқан адамдардың іс-әрекеттері қарым-қатынас нәтижесінде кеңінен ашылады. Шығармада айтарлықтай қым-қуыт бірінен-бірі өрбіп жатқан оқиғалар желісі жоқ, десек те жазушы әр кейіпкерінің ішкі әлемінің қатпар-қатпар қалтарысын назардан қалт қалдырмаған. Адамның іс-әрекетінің жүзеге асу барысы уақыт, кезеңмен байланыстырыла ашылып отырады. Мәселен: «Биыл жаз ерте шығатын түрі бар. Күн сәскенің кезі болса да, әп дегеннен күннің ысуы білінеді. Бір мезетте ақ тер, қара тер болып бет ауызын жыламышы су басып быршып терлеген Таған қолындағы балтаны анадай жерге лақтырып жіберді де, бар даусымен: «мен шөлдедім» – деп аю талағандай қорқынышты үнмен айғайды салды кеп» [3, 17]. Тағанның мінез-құлқы, кейіпкердің әрекеті негізінде толықтай уақыт мезетінде ашылып қалды. Сондай-ақ шығармада автор тарапынан баяндау арқылы: «Тал түс шалқар түске ойысқан, екі тәуліктен бері төбеден төңкеріле қараған күннің шуағына масайраған тау табиғаты балаша шаттанып, таңғажайып қуанышпен жарқырайды» десе, енді бірде уақыт бедерін кейіпкерінің ішкі ойымен береді: «Кешеден бері жауған жаңбыр екінгіде толастады. Көк майса жаңбырдан кейін тіптен құлпырып, сан түсті түрге енген. Табиғат-ана да адам сияқты екен-ау, күннің шуағымен жылынып, ызғарымен тоңып, бейне саған сыр ақтарғандай». Жазушы уақыт категориясын оқиғаның дамуымен, одан әрі шиеленісуімен қатар байланыстырады. Кейіпкердің ішкі монологын да уақыт пен кеңістікке бағыттайды.

Шығарманы уақыт тұрғысынан, кезең талабымен бағамдасақ мұнда жазушы жиырмасыншы ғасырдың дертін, кеңестік заманның құйтұрқы жүйесіндегі қолдан жасалған әрекеттерді, саналы адамды сан рет сансыратқан сәт көріністерін, 1930 жылдардағы ашаршылық тұсындағы қым-қуат тірлікке уақыт тұрғысынан тоқталып, кейіпкер баяндауы арқылы жеткізеді.

Туынды атының «Атау-кере» деп аталуының өзінде де үлкен мән бар. Себебі «атаукере» адамның о дүниелік болар алдындағы ең соңғы дәмі деген мағынада алынған. Атам қазақ арақидік өзара ұрсысып, ренжісіп қалған тұста «атау-керенді ішкір» деп айтылатын сөз қарғыс түрінде тұрақты тіркеске айналып кеткен.

Повесть кейіпкері Ерік ара шаруашылығымен айналысады. Одан да басқа ірілі-уақты малдары бар. Оның әкесі Қандауыр Еріктің кішкентай, ес білмеген шағында дүниеден өтеді. Шығармада Қандауыр өте әділетті, адал адам ретінде суреттеледі. Шешесі Нүрке (Нюра Фадеевна) түз жануары – марал өсіріп, оның жас мүйізінен алынған дәріні Қытайға сатқан, бірнеше омартасы бар орыстың шонжары Фадейдің қызы-тын. Нүркенің шешесі жайында жұрт «ол кісі оқу білетін, дұғаны оқыған кезде қара суды теріс ағызатын адам болған» екен деп айтады.

Кезеңінде небір қиын да, азапты күндерді өткізген Нүрке қазір Еріктің қолында. Сал ауруына ұшыраған. Орнынан тұра алмағандықтан оған Еріктің әйелі Айна қарайласады. Ерік пен Айна Алматыда танысты, елді елең еткізер әдемі жұп болды. Елге келді, өз бағыттары бойынша жұмыстарын жасады.

Шығарма экспозициясы Бек-алқаның ауылға сапарынан басталып, Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма мен Катонқарағай өзендерінің жағасында орналасқан шұрайлы жерлері, Еріктің туған өлкесі Атақты Мұзтаудың мәңгі жығылмас, шаңырағы шайқалмас ақ отауы Алтай шыңы, мұз құрсаулы шыңның міз бақпас кейпі, шілденің ми қайнатар ыстығында алқымынан бұлақ болып басталып, арыны қатты арқыраған өзенге айналатын Қатын суы, табиғаттың тамаша көріністері уақыт кезеңімен тамаша суреттеледі. Осы орайда Ә. Кекілбаев: «Оралханның әр шығармасынан туған өлкесіне Алтайдай асқаралы тауына тіптен қойдай жуас халқына деген сүйіспеншілігі айқын аңғарылып тұрады. Оның әңгімелері өмірге құштарлыққа табиғат жаратылысының әдемілігін көре білуге үйрететіні сөзсіз» [4, 73]– деп, қаламгер шығармашылығы турасында өз пікірін пайымдайды.

Жазушы бұдан соң Нүрке кемпір мен келіні Айнаның арасындағы қарым-қатынасты үй тірлігіндегі қам-қарекеттері негізінде ашып, талай сырды жанына бүккен, әдемі тау бөктеріндегі Катонқарағай өзенінің күркіріне құлағы әбден үйренген Айнада тыным болсайшы. Қорадағы тауықтарға жем шашады, су береді. Үй тірлігі өз алдына, қымыз ашытады, айран ұйытады, сал боп жатқан енесіне самаурынның шайын береді, деп авторлық баяндау арқылы жеткізеді. Келесі оқиғаларды жазушы кейіпкерлерінің өзара әңгімелері, диалог, полилог түрінде өрбітеді: «Күн кешқұрым мезгіл. Мал біткеннің өрістен қайтатын кезі. Сыртта сиыр мөңіреді, жылқылар осықырынып, малдың тынышы бұзылған сыңайлы. Сыртқа шығуға жүрексінген келіншек қосауыз мылтықты алып тысқа шыққанда қарсы алдында тұрған ақырған аюды көргенде қолындағы мылтығының қалай қолынан сырғып түсіп кеткенін өзі де сезбеді. «Түз тағысы аюдың ақылдылығы сондай, жанына ерткен екі сүп-сүйкімді томпаңдап қонжығымен арттарына да қарамастан, нуға қарай бет алды», – дейді жазушы.

– Айнажан-ау, ол не екен? – деген енесіне: – әшейіндегі қалыппен келіні: «Аю екен үй жанында жүрген» деген сөзді «әй жәй, сиыр екен» дегендей, аса жайбарақат айтты.

– Мен сендерге айтып жүрмін ғой Алтайдың аюы адамға шаппайды. Бір күні қалың жыныс ішінде бір аяқ жолмен тауға қарай өрлеп келе жатқанда Қандауырдың алдынан екі аю жолығып, содан шегінерге жол жоқ, мінген аты алға аяқ баспай бір орында тұрып қалады. Қарсы алдарынан шыққан аюлар мұрнын шүйіре маңқайып қарапты да, «жолды сіздер бермесендер, біз берейік, қане, өте беріндер...» дегендей, бұрылып орманға кіріп кеткен [5, 88]. Шал содан кейін аюдан ақылды хайуан жоқ, құдды бір адамды түсінетіндей деп сүйсініп отырушы еді жарықтық, иманды болғыр» деп, шалымен өткен өмірін еске түсіргендей сәл жымыиыс танытты.

Қандауырдың әкесі Меккеге барып қажы атанып келгеннен кейін үш келінін мұсылманша оқытып, хат танытады. Мұсылманша оқығандардың ішінде Нюра келін де бар. Нюра қазақ жігітімен қашып кеткенде, бүкіл Фадеевтер әулеті қызының бұл ісіне қатты ашуланып, соңы үлкен ұрысқа ұласады. Нүрке болса, жігітті жақсы көретінін, өзінің еркімен келгендігін әке-шешесі, өз туғандарына түсіндіріп, жанжалды әрең тоқтатқан еді. – Бізге көрші тұратын Сарқыт деген кемпір болды. Төбені тұрмақ қақ маңдайдан, мұрынның ұшынан қан ала беретін. Жарықтық жақсы адам еді. Жатқан жері жарық, иманы салауат болсын деп, Нүрке шеше бетін сипады. Сол кісі айтатын бұл қан алудың ең қиындығы сол емші кісінің қандауырды тамырға көлденең салмай жарып салуында деп, қан алудың өзіндік тәсілін айтып отыратын. Ал енді, Сарқыт кемпір бұл дүниеден аттанған соң басының қаны тасыған талай жан сол емші кемпірдің соңынан аттанып кетті... Жаз өте, күзге салым уақыт неден болғаны белгісіз бетіме жара қаптап кетіп, сол кісі бетімдегі жараны да жазып еді-ау. Сондықтан да бес уақ намазымнан қалдырмай, атын атап дұғама қосып отырамын.

Шығармада кейін Нүрке кемпірдің басынан өткен жайттар, өспей-өнбей қалған ұрпақ, әке-шеше, туғандарының байлар тәркіге түскен кезеңде жер аударылып, бағымдағы бұғыларын сатып, айдап, үйлерін өртеп, арғы бетке қашып, Пахомов дегеннің партизан

отрядымен болған арадағы атыста ағайы Александрдың оққа ұшып, қызылдардың қолына түспеуге бекінген анасының улы шөп қайнатып ішіп өлгендігі, сол уақыт кезеңіндегі заман көрінісі кеңінен автор атынан баяндалады.

Айнаның білгісі келгені «Қатын суының» аталу тарихы еді. Өзен тарихын күйеуі Ерік те, енесі Нүрке кемпір де білмейтін болып шықты: «Мүмкін мен секілді жалғыздықтан жаны жалыққан, жүрегі өртенген әйел заты өрт болып лаулаған жалынын басарға дауа іздеп осы бір тулаған толқынды суға секіріп бақилық болды ма...». Шығармада жүрегіне ізгілік ұялаған ибалы да инабатты келін Айна образы жазушы тарапынан ерекше ілтипатпен суреттеліп, оның ішкі сыры мен бітім-болмысы өзінің іштей монологы арқылы айтылады. Кейіпкердің «Қатын суының жағасындағы өзінің меншікті мекеніне барып дәтке қуат, жанға суат арқырап аққан асау өзен суымен» сырласуы арқылы біз оның бүкіл жан сарайының сырына қанық боламыз десек артық айтқандық емес.

Жалғыз тірі қалған баласы Ерік өсе келе жұртқа жұғымы жоқ тәкаппарлау болып кеткенін тілге тиек ете келе: «Келінжан-ау, саған да обал екенін іштей сеземін. Жұдырықтай жүрегіңде құсалық бар. Амал нешік, Алтайдың аңғарына қамап ұстайтын аң емессің, жаның нәзік әйел затысың...» – деп қамығып, жүрек түпкіріндегі мазалы ойын жеткізеді. Шығармада негізгі салмақ кейіпкер табиғатын ашу, адам болмысын таныту болғандықтан, олардың іс-әрекеттері негізінде оқиғаға ерекше назар аударылып, көркем уақыт категориясының көмегімен характерлердің даму ерекшеліктері көрініс табады.

Жазушы уақыт категориясын оқиға желісі, оның дамуы, одан әрі шиеленісуімен қатар байланыстырып, нәтижесінде автордың айтпақ ойы баяндалады. Тіптен кейіпкердің түсін, ой ағысын (поток сознание), ішкі монологын да уақыт пен кеңістікке бағыттауы суреткер шеберлігінің айғағы. Шығармадағы басты мәселе рухани жалғыздықтың кеңістікке, кеңістіктің жалғыздыққа әсерін керемет астармен шиеленістіргенінің куәсі боламыз.

Оқиға желісі, сюжет байланысы осылайша ене мен келін арасында толассыз өрістеп отыратын диалог-әңгіме арқылы алмағайып кезең шындығы ашылып, осы тұстарда уақыт пен кеңістік бірлігі айқын көрініс табады. Шығарма желісі, оқиға өткен кезеңдер, Нүркенің басынан өткен қиындықтар, өмір кешкен заманын оқып отырғанда оқырман оқиға өткен уақытты өзі іштей топшылайды.

Қорыта айтқанда, көркем уақыт пен кеңістік шығарманың жанрлық сипатын анықтауда, сюжеттік-композициялық құрылымын айқындауда, шығарманың басты объектісі Адам табиғатын тануда, характерлерді даралауда маңызды қызмет атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Талантқа құрмет: Мақалалар, зерттеулер, портреттер. – Алматы: Жазушы, 1988. - 248 б.
2. Исабеков, Д. Маңайында құжынаған адам жүргенімен, шын мәнінде Оралхан жалғыз еді // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. - 2013. № 15. - Б. 26-27.
3. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. Повестер. – Алматы: Жалын, 1984. - 432 б.
4. Кекілбаев Ә. Азғантай ғұмырында асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. - 2013. № 15. - Б. 5.
5. Бөкей О. Шығармалары. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. Т.2., - 384 б.

ВРЕМЯ И ПРОСТРАНСТВО В РАССКАЗЕ О. БОКЕЯ «АТАУ КЕРЕ»

Абшиева Шарапат Сабитовна - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы исследования проблем художественного времени и пространства в отечественной литературе. На основе анализа

сюжетных способностей автора раскрыта идея рассказа писателя Оралхана Бокея «Атау кере», позиция автора, особенности жанра, характер художественного времени и пространства в произведении. Исследование также включало роль художественного времени и пространства в создании сюжета, появление периода, систему образов, индивидуализацию персонажа. Кроме того, на основе специфического анализа доказана связь художественного времени и пространства, композиционной структуры, сюжета и характера в произведении.

Ключевые слова: тема, идея, стиль, авторская позиция, художественное время и пространство, сюжетно-композиционная структура, писательское мастерство.

TIME AND SPACE IN THE STORY OF O. BOKEY «ATAU KERE»

Abisheva Sh.S. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article deals with the research of the problems of artistic time and space in Russian literature. On the basis of the analysis of the author's plot abilities, the idea of the story of the writer Oralkhan Bokey "Atau Kere", the position of the author, the peculiarities of the genre, the nature of the artistic time and space in the work are revealed. The study also included the role of artistic time and space in the creation of the plot, the appearance of the period, the system of images, the individualization of the character. In addition, on the basis of a specific analysis, the connection between artistic time and space, compositional structure, plot and character in the work has been proved.

Key words: theme, idea, style, author's position, artistic time and space, plot-compositional structure, writing skills

МРНТИ 16.21.47

**ТОПОНИМ ЖАСАУДАҒЫ
АДАМ ЕСІМДЕРІНІҢ, ТАЙПА-РУ
АТАУЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

КӨШИМОВА Б.Ә.

Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: bibatpa.koshimova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада топоним жасаудағы адам есімдерінің және тайпа-ру атауларының қызметі қарастырылған. Топонимдерді адам есімдерімен және ру-тайпа атауларымен байланысты талдауы географиялық объектілердің номинацияларының жалпы ережелерін, қазақ халқы мәдениетінің семантикалық кеңістігін ашуға мүмкіндік беретін топонимикалық лексиканың сипатын, көлемі мен өнімділігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Антропотопонимдер тек жеке адамдардың атын ғана емес, көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың жаз жайлауы, қыс қыстауының нақты межеге (шекараға) бөлінгендігін, сол меже көші-қонның негізгі бағыт-бағдарын айқындаушы фактор болғандығынан хабар берсе, этнонимдерден пайда болған атаулар халықтың қоныс аударуы, жылжуы сияқты этникалық процестермен байланысты болып келеді. Сондықтан да мақалада Маңғыстау өңірінің антропотопонимдік, этнотопонимдік картасында нақты сол қоғамда өмір сүрген адам есімдері мен қазақ руларының және бүгінгі күні осы аймақты мекендейтін халық атауларынан жасалған топонимдердің молынан орын алатындығы айқындалды.

Түйінді сөздер: топонимика, топоним, антропонимика, этноним, антропотопоним, этнотопоним.

Антропонимика (грек. «antro pos» – «адам» және «онума» – «ат») – ономастиканың антропонимдерін, яғни адам есімдерін, фамилияларын, лақап және бүркеншік аттарын зерттейтін саласы. Антропонимдерден қалыптасқан географиялық атаулар антропотопонимдер деп аталады.

А.В. Суперанскаяның пікірінше, «Адам мен оның қызметінен келетін топонимиялық атау сызығы топонимиялық қатарға ауысып, жекелеген адамдардың жеке аттары, лақап аттары, тегі сияқты санаттармен байланысып, антропотопонимдер, яғни антропонимдерден тұратын топонимдер құрайды» [1, 89 б.].

Өлке антропотопонимдері адамдардың есімдері негізінде қалыптасқан. Қазан төңкерісіне дейін қазақтарда фамилия болмағаны белгілі. Фамилиямен қалыптасқан атаулар Қазан төңкерісінен кейін пайда бола бастаған. Мысалы: Баутин, Жангелдин, Форт-Шевченко, Ералиев т.б.

Маңғыстау өлкесіндегі антропотопонимдер, белгілі бір нысанға деген нақты қатынасты, болмаса өткен оқиғалар мен құбылыстарды көрсетеді. В.А. Никоновтың пікірінше, антропотопонимдер көбінесе адамдардың жерге жекеменшік қатынасы орнаған кезден пайда бола бастаған [2, 30 б.]. Адай шежіресін жазған Алшын Мендалыұлы қоныс іздеп Маңғыстауға келген ру басы батырларының ата жігіне қарай жерді иеленуін былайша баяндайды: «Адайлар Жем өзенінің құбыла жағында, Жемнен 50 км шамасындағы Биікжал деген жердегі Есек батырдың ауылында Маңғыстау мен Үстіртте түрікмен тастап кеткен қоныс пен суды өздеріне меншіктеуге көпшілік болып сөз

байланысады. Бұл Кеңеске адайдың әр руынан, әр атасынан өкілдер қатынасады. Жарыдан – Шотан мен Үсен, Бәйімбеттен – Арғынбай мен Төлеп, Ескелдіден – Жанұзақ, Жеменейден – Сейіт би мен Бегеш батыр, Зорбайдан – Таған, Бабықтан – Әжібай, Шоңайдан – Бекбаулы мен Құнан т.т. Осылай Есек батырдың ауылынан Үстірт пен Маңғыстауға жүреді. Әркім ұстаған шымырауына я Қаратаудағы бұлаққа өздері белгі салады. Біреуге біреу қиянат жасамайды» [3, 96 б.].

Маңғыстау өңірі топонимиясындағы антропонегіздер шығу тегі жағынан қазақ және араб-парсы атаулары болып табылады.

Маңғыстау өлкесі антропонимдері негізінен, ойконим, оронимдер және агиотопонимдер (әулие, киелі кісілердің жерленген жерлері) құрамында, сондай-ақ гидронимдерде, әсіресе құдық атауларында молынан ұшырасады.

Маңғыстауда құдық қазуды кәсіп еткен рулар мен әулеттер болған. Ру-тайпа атаулары өздері мекен еткен жердің қоныс-суларына берілген. Әсіресе, құдық атаулары қазған құдықшының руымен де аталып отырған. Мысалы: Бәубекқазған, Ескелдіқазған, Қарашқазған, Шолаққазған т.б. Қаздырған адамның емес, қазған адамның атымен аталуда кісі еңбегін бағалау және сол бағалаушылықтың етек алып мойындалуы бар дейміз.

«Шөл даладағы бірден-бір тіршілік көзі – су». Сондықтан да Маңғыстау құдықтары – өлкенің негізгі су көздері болып табылады. Құдықтар белгілі адамдардың өмірімен, тарихи оқиғалармен, аңыз-ертегілермен тығыз байланысты [4, 56 б.].

Маңғыстау облысы антропонимдерін номинациялық тұрғыдан, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей топтарға жіктеуге болады: 1) өлкеге белгілі ру басыларының, ауқатты адамдардың қоныс-суларына қатысты аталған антропотопонимдер; 2) құдықты қаздырған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер; 3) құдықты қазған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер; 4) адам өміріндегі белгілі бір оқиғаға байланысты аталған антропотопонимдер; 5) өлкеге танымал батырлардың, қоғам-қайраткерлерінің т.б. құрметіне қойылған антропотопонимдер.

1) Өлкеге белгілі ру басыларының, ауқатты адамдардың, батырлардың сондай-ақ малшылардың, бағбандардың, егіншілердің есімдерімен аталған антропотопонимдер.

Өлке топонимикасында ер адамдарға қатысты топонимдердің молдылығын ру басы мен ақсақалдарының, батырларының қоғамда алатын орны мен беделінің жоғарылығымен түсіндіруге болады. Қазақ арасында жері мен елін қорғап, жауға қарсы атойлаған батырлары, қолбасшылары – ел ағаларының есімдеріне мінажат қылу бұрыннан бар. Жауға қарсы күресте ерлік көрсеткен батырлары мен әділ шешім айтқан билері, сондай-ақ халқына қалтқысыз қызмет еткен қарапайым еңбек адамдары ел ішінде аңыз болып тарап, жер-су атауларына айналған.

Мысалы: Айтмансу – құдық; Аманбұлақ – бұлақ; Асан – құдық; Әйлек – қоныс; Әлмұрат – қоныс, жер аты; Байбосын қора – қоныс; Байділдә – жер аты; Байсары – жота, қыстау атауы; Байсейіт – жер; Бақытқора – қоныс; Барақ – құдық; Бердісүгір – құдық; Бөлебай – бұлақ; Бұғабай – елді мекен, құдық; Бірнияз – құдық; Бірниязтөлеген – құдық; Ғаббас – құдық; Дайрабай – жер; Досмағанбет – құдық; Еламан – құдық; Елшібектің төрткілі – төрткіл атауы; Есекжал – жер; Жамандәуіт – құдық; Жангелді – құдық; Жанұзақ – жер аты; Жетібай – кент; Жолболай қора – қора, қоныс; Имағанбет – құдық аты; Көлбайдың төрткілі – төрткіл; Қалниязқолқа – қоныс және сай аты; Қарабатыр – құдық; Қожыққұдық – құдық; Қонай – жер; Қозыбайтөрткіл; Қошанай – дөң; Қонайдың үйігі – үйік аты; Мақышбай – құдық; Мәлібек – құдық; Молдабай шымырау – құдық; Ниязбұлақ – жер; Оразғұл – төбе; Рамазан – құдық; Сам – құм; Сәлменбөгет – шатқал; Тұщыбек – ауыл, қорым; Шалабай – дөң т.б.

Сам – Бейнеу ауданындағы сор, құм аты. Маңғыстауда осы құм атының Сам аталуы туралы мынадай деректі әңгіме бар: «Бұл құм өңірін ұзақ жылдар Сам Малкелдіұлы атты әрі әруақты, әрі би адам жайлаған. «Хан төрелігі бұзылса да, Сам

төрелігі бұзылмас» – деген мақал қалған. Сол Сам тау, Үстірттің топографиялық картасын жасау кезінде осы мәселемен арнайы жүрген орыс экспедициясына жер-суды білгірлігімен жол бастап көп көмек көрсеткен. Оларды Арал теңізін жағалатып, Қоңыратқа дейін алып барған. Осы жерге келгенде экспедиция бастығына: «Мен келісім бойынша көрсетілген жерге дейін аман-сау әкелдім, енді рұқсат болса елге қайтсам», - дейді. Экспедиция бастығы: «Еңбегіңе ризамын. Қажетті жер-су өңірлері картаға түсірілді. Бізден не өтінішің бар, айт, орындайын», - дейді. Сонда Сам : «Сиырдың бөтекесіндей бұлтиып-бұлтиып жатқан, қазір өзім жайлап отырған алақандай құм өңірін Сам құмы деп атасаңыз, ал бергі жағындағы бөлек құмға Матай деп жазсаңыз, өтінішім сол», – дейді. Содан бері бұл өңір картаға ресми түрде түсіріліп Сам құмы, Матай құмы деп аталады. Матай да сол құмды жайлап отырған Бәйімбет тайпасының беделді адамы болатын [5, 81 б.].

Есекжал – Бейнеу ауданындағы жер аты. Жал Есек батырдың қонысы болған себепті аталған. Қазақтарды Жем бойындағы Үстірт пен Маңғыстауға бастап келгендердің бірі осы Есенғұлұлы Есек мерген болған.

Қонайдың үйігі атты үлкен үйік Маңғыстау қазақтарының тарихынан елеулі орын алатын тұлғалардың бірі – Қонай батыр Кенжеұлының қарауыл қарап ұран отын жағатын биігі. Жағылған от Бозашыдағы, Отпандағы қарауылдар көріп, олар да от жағатын болған. Сөйтіп, ел тез арада жасаққа жиналып, жауға аттанады екен [5, 76 б.].

Елшібектің төрткілі – Жаңөзен қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан төрткіл атауы. Бұл жерде 1920-30 жж. руы қырықмылтық Елшібек атты дәулетті адам қоныстанған.

Шалабай – Жаңаөзен әкімдігіне қарайтын дөң. Белгілі геолог-ғалым Саламат Шалабаевтың ата мекені.

2) Құдықты қаздырған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер. Құдықтар көшпенді қазақтар қоғамында меншіктік сипатта болғандықтан, ақы төлеп қаздырған адамдардың аттары да құдық атауына берілген және соның меншігі болып есептелген: Бекес, Төлеп, Мәмек, Әліке-Қанай, Дүкен, Шотанқазған т.б.

Мысалы: Бекес – Бейнеу ауданындағы құдық. Суы малға жарамды, тереңдігі 15 метр. Бекес бай Мәміш құдықшыға 200 бойдақ қой беріп қаздырған екен.

Төлеп – Үстірттің сол ернегіндегі әлі сулы құдық. Адай елінің ел қорғаны атанған аруақты батыры Төлеп Әнетұлы қаздырған.

Мәмек – Хиуа жолының оңтүстік Үстірттен шығар жеріндегі сай бойындағы құдық. Тереңдігі 8-10 метр. Қаздырған Шегем ауылының белгілі адамы Мәмек Түркебайұлы. Мәмек аты емшілігімен, сынықшылығымен шыққан. Мәмек құдықты елдің ортақ пайдалануы үшін қаздырған. Қазір қолданыста бар.

Әліке-Қанай – Үстірттегі құдық. Бейнеубай құдықшыға Жеменейдің атақты байы Әліке қаздырады. Әлікенің Қанай атты жалғыз сұлу қызы болған екен. Күйеу ұрын келейін деп жатқанда, қызына тіл тиіп, қайтыс болады. Құдық қазылып біткен соң, сол құдықтың атын бай жалғыз қызының құрметіне аталуын өтініп, «Әліке-Қанай» деп атаған екен [6, 11 б.].

3) Құдықты қазған адамдардың есімімен аталған антропотопонимдер. Құдықшылардың аттары өздері қазған құдықтардың атауына айналған: Алтыбайқазған, Мәмішқазған, Қожақазған, Кенжеқазған, Жүнбасқазған, Бәлиқазған, Ләтіпқазған, Боқышқазған, Қоқымбайқазған т.б.

Мысалы: «Қарашқазған» құдығын халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесіндегі жиынтық бейнеге басты негіз болған, аты аңызға айналған құдықшы Қараш Бейнеубай Құлшарұлы қазған. Оның бұдан басқа Маңғыстау ойы мен Үстірт үстінде қазған мол сулы жиырмаға жуық құдықтары бар [6, 9 б.].

«Мәмішқазған» – Бейнеу ауданы, Ноғайты елді мекенінен солтүстікте 9 шақырым жерде. Құдықшы Бегей Мәміш 1910 жылы егіншілік, суландыру мақсатында арасын 11

қадам етіп екі құдық қазған. Мәміш күн шыға басына тымақ киіп, жер бауырлап жатып, құлағын жерге төсеп судың ең мол көздерін таба білген құдықшы екен.

4) Адам өміріндегі белгілі бір оқиғаға байланысты аталған антропотопонимдер: Айдарұшқан – мола, шатқал; Жабайұшқан – қоныс, шың; Күйкенұшқан – тау; Қапартүскен – төбе; Мақашжол – тау тұмсығы; Мырзабай шапқан – құдық атауы; Өтешөлген – шатқал; Төлешкелген – құдық т.б.

Мысалы: Мақашжол – Маңғыстау ауд-ғы жол, тау тұмсығы. 1953-54 жылдары Табынай Қадіров Мұқаштың басшылығымен салынған төте жол.

5) Өлкеге танымал батырлардың, қоғам – қайраткерлерінің т.б. құрметіне қойылған антропотопонимдер: Сайын – ауыл; Төлеп – ауыл, Есет – ауыл; Баутин – кент; Форт-Шевченко – қала т.б.

Сайын Шапағатов – Түпқараған ауданындағы ауыл. Бұрын Тельман ауылы болған. Қоғам қайраткері Сайын Шапағатовтың құрметіне қойылған.

Сондай-ақ батыр, киелі аналарымыздың, байдың қыздарының есімдерінен де топонимдер қалыптасқан. Мысалы: Қаламқас – жер, қорым аты; Гүлшат – қоныс, қорым; Злиха – жер, құдық; Құндықыз моласы – мола; Нұрбибі – қорым; Тәтімтөбе – төбе т.б.

Қаламқас – Түпқараған ауданындағы а., мола, кен орны, Қаламқас – қыздың есімінен қойылған атау. Аңыз бойынша: «жаугершілік заманда елін аң аулап, асырап жүрген Қаламқас қыз – киік аулауға арналған орға атымен құлап қаза болған». Содан қыз жерленген алқап соның атымен аталып кеткен.

Географиялық атаулардың антропотопонимиялық принципі, негізінен, антропонимді өзгелерден ерекшелеу, айқындауға құрылады. Адам есімінен тұратын атаулар сол өңірдің белді-беделді адамы, не сол жердің меншік иесі, не болмаса алғаш қоныстанған адам есімінен жасалады.

Маңғыстау өлкесіндегі «ең мол ұшырасатын жер-су атаулары нақтылы әулет-аталар мен ру тайпаларға да тікелей қатысты болып келеді. Яғни, әрбір этнотопонимдік атаулардың тарихын ел-жұрттың әлеуметтік өмірбаяны деуге де болады» [7, 210 б.].

Ономастикада ру, тайпа, халық, ұлт атаулары этноним деп аталады. Этнонимдерден жасалған географиялық атаулар этнотопонимдер делінеді.

«Этнонимдер ру-тайпалардың тарихына, этногенезіне, өмір-салтына, көш-жолдары мен қоныс тұрақтарының аумақтық қалыптастыру үрдістеріне, өзге ру-тайпалармен немесе басқа ел-жұрттармен арадағы этникалық байланысқа қатысты мейлінше құнды дерек көзі ретінде ден қойдырады. Сонымен бірге, кейбір этнотопонимдердің ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталуы, ал сол этнонимге себепші болған этностың мүлде жойылып кетуі немесе басқа бір мекенге қоныс аударуы жиі байқалатын үрдіс. Әрісі жалпы түркі халықтарының, берісі қазақ халқының ру-тайпаларына қатысты этнотопонимдер Еуразия қос құрылығында жұлдыздай шашылып жатыр. Уақыт сынына төтеп берген мұндай этнотопонимдер, сөз жоқ, тарихтың тегеурінді оқиғаларына айғақ бола алады [7, 485 б.].

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстауды тарихтың әр белгісінде сан түрлі тайпалар мекендеген. Олар да аймақ жер-су атауларына өз іздерін салған. Біздің дәуірімізге дейінгі дах (дай) – массагет көшпелі тайпаларының орнын кейінгі ғасырларда бірінен соң бірі аландар, пешенек-қаңлылар, оғыздар, түрікмендер, ноғайлар, қалмақтар, қазақтар басты.

Өлке этнотопонимдерінің құрамында ежелгі алан, қаңлы тайпа атауларымен қатар оғыз, түрікмен, қазақтың кіші жүзі рулары мен түрлі халық атаулары кездеседі. Осыған орай, этнотопонимдерді: а) ежелгі этнотопонимдер; ә) ортағасырлық оғыз тайпа, ру атауларынан қалған этнотопонимдер; б) түрікмен руларынан қалыптасқан этнотопонимдер; в) қазақ руларынан қалыптасқан этнотопонимдер; г) халық атауларынан қалыптасқан этнотопонимдер деп топтастырдық.

Ру-тайпа атаулары өздері мекен еткен жердің қоныс-суларына берілген. Әсіресе, құдық атаулары қазған құдықшының руымен де аталып отырған. Мысалы: Бәубекқазған, Ескелдіқазған, Қарашқазған, Шолаққазған т.б.

а) Өлкедегі ежелгі этнотопонимдердің қатарына Аланқала, Қоңыралан, Сүмбетеміралан, Каспий, Қаңғабаба топонимдерін жатқызамыз.

Алан – Орталық Үстірттегі құдық. «Аландар – біздің заманымыздың I ғасырлардан бастап біздің заманымыздың IV ғасырына дейінгі аралықта географиялық жағынан бүгінгі Қазақстанның батыс аймағын қамти батысқа қарай Днепр, Дон, Днестр, Дунай аймақтарына дейін (уақытына қарай) мекендеген – сармат – савроматтар делінетін тайпалық бірлестіктің құрамында болған тайпа [8, 286 б.]. Бұдан басқа Аланқала, Қоңыралан, Сүмбетеміралан деп аталатын этнотопонимдер кездеседі.

Қаңға, Қаңға баба – Түпқараған ауданында орналасқан ежелгі елді мекен, бекініс орны. Ежелгі қаңлы этнонимінен қалыптасқан.

Каспий теңізі – Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан тұйық су алабы. Сақтардың бір бөлігі каспи тайпасының атынан қалыптасқан.

ә) Ортағасырлық оғыз тайпа, ру атауларынан қалған этнотопонимдер. Бүгінгі түркі тілдес халықтардың тарихында өзіндік із қалдырған ортағасырлық тайпалық одақтардың бірі – Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген оғыз тайпалары болып табылады. С. Атаниязов «Словарь туркменских этнонимов» кітабында төмендегі ру-тайпа атауларының этимологиясын берген [9].

Егдір – Маңғыстау ауданындағы құдық, қоныс атауы. Егдір – ортағасырлық оғыз-туркмен тайпасы игдир атынан пайда болған. Егдір – Оғыз ханның рулы елге ұйтқы болған немерелерінің бірі, Теңіз ханның баласы.

Емір – Маңғыстау ауданындағы ауыл, жер аты. Емір – ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы имир атынан пайда болған. Емір – Оғыз ханның рулы елге ұйтқы болған немерелерінің бірі, Тау ханның екінші баласы.

Көгәлы – Маңғыстау ауданындағы бұлақ атауы. Көгәлы топонимі Гөклы деп аталатын ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасының атынан пайда болған.

Қарқын – Маңғыстау ауданындағы бұлақ. Қарқын – ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы атынан пайда болған. Қарқын – Оғыз ханның рулы елге ұйтқы болған немерелерінің бірі, Жұлдыз ханның төртінші баласы.

Қызық – Маңғыстау ауданындағы құдық. Қызық - ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы атынан пайда болған. Қызық – Оғыз ханның рулы елге ұйтқы болған немерелерінің бірі, Жұлдыз ханның баласы.

Шәудір – Маңғыстау ауданындағы құдық. Шәудір – ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы атынан пайда болған. Шәудір – Оғыз ханның рулы елге ұйтқы болған немерелерінің бірі, Көк ханның үшінші баласы.

Уа – Маңғыстау ауданындағы құдық атауы. Уа атауы ортағасырлық оғыз-түрікмен Ыва тайпасының атынан пайда болған. Уа – Оғыз ханның рулы елге ұйтқы болған немерелерінің бірі, Теңіз ханның үшінші баласы.

б) Түрікмен руларынан қалыптасқан этнотопонимдер. «Орта ғасырлардан XIX ғасырдың ортасына дейін Үстірт пен Маңғышлақ жартыаралын түрікменнің: Ерсары, Салыр, Абдал, Чогдур, Игдир, Бозаджы, Бурунджық және басқа тайпалары қоныстанған. XVII-XIX ғасырларда Маңғышлақ Абдалдары негізінен, Форт-Александровск қаласында, Баутин елді мекенінде және Қызыл-Өзен шатқалында өмір сүрді» [10, 30 б.].

Ақша – Маңғыстау ауданындағы құдық. Ақша – егдір тайпасының руларының бірі.

Алаша – Қарақия ауданындағы жер аты. Алаша – салыр тайпасының құрамындағы сарық руының аталарының бірі.

Бозашы – Каспий теңізінің солтүстік – шығысындағы түбек. Бозашы – шәудір тайпасының ішкі руларының бірі.

Бұрыншық – Маңғыстау ауданындағы жер атауы. Бұрыншық – шәудір тайпасының ішкі руларының бірі.

Ерсарықайрақ – Қарақия ауданындағы қорым. Ерсары – түрікменнің тайпаларының бірі.

Есенқазак – Бейнеу ауданындағы қоныс, қорым атауы. С.Қондыбай Есен этнонимі туралы: «Есен түркменнің шежірелік арғы аталары. Есеннің бес ұлы болған екен, олар – Човдур (Шәудір), Игдыр (Егдір), Бозоджи (Бозашы), Бурунджик (Бұрыншық), Абдал. Бұларды «бес есен» деп айтады» деп жазады [8, 226 б.]. Өлкеде Есен этнонимінен жасалған бірнеше топонимдер кездеседі: Есен шыңырау – құдық атауы; Есентүбек т.б.

Сағыр – Бейнеу ауданындағы құдық. Сағыр – салор тайпасының ішкі руларының бірі.

Саржа – Қарақия ауданындағы жер. Саржа – ерсары тайпасының ішкі руларының бірі.

Уакмола – Қарақия ауданындағы мола. Уак атауы түркменнің «Ыбақ» деп аталатын руы негізінде жасалған этнотопоним болып табылады.

Сақар – тау аты. Сақар атауы түрікменнің «сақар» (салыр тайпасы) руынан пайда болған этнотопоним. С.Атаниязов бұл рудың пайда болуын сақ тайпаларымен байланыстырады [9, 101 б.].

в) Қазақ руларынан қалыптасқан этнотопонимдер. Маңғыстау халқы негізінен, Кіші жүз Байұлы бірлестігінің құрамындағы адай тайпасын құрайды.

Шежірелік Адай атаның Құдайке және Келімберді деген екі баласы болған. Құдайкеден екі бала – Тәзіке мен Қосай, Келімбердіден алты бала – Ақпан, Құнанорыс, Балықшы, Жеменей, Тобыш, Мұңал тараған. Міне, осыларды, яғни Адайдың сегіз немересінен тараған ұрпақтарды «Сегіз арыс адай» деп атайды. Этногенездік құрамы жағынан адай руы өз ішінен ірілі-уақты бірнеше рулық топтарға жіктеледі. Осы ру, рулық топтардан бай географиялық атаулар жасалған.

Бабыққазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Бабық – адай тайпасы Шегем руынан тараған аталардың бірі.

Байшағыр – Үстірттегі жер аты. Адай атадан мұңал, одан – бәйімбет, одан – алдаберді, одан – райымберді, одан – текей, одан байшағыр тарайды.

Балықшы – Бейнеу ауданындағы құдық. Балықшы – адай тайпасының Келімбердісінен тарайтын руы.

Бәубекқазған – Орталық Үстірттегі құдық. Бәубек – адай тайпасының тобыштан тарайтын аталарының бірі.

Бегей – Түпқараған ауданындағы ферма аты. Бегей – Адай тайпасының Тобыштан өрбігін аталарының бірі.

Дәулетжары – Бозащыдағы құдық атауы. Дәулетжары - адайдың қара шаңырағы делінетін Мұңалдан тараған Жары руының бір атасы.

Ескелдіқазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Ескелді – Мұңалдан тараған Жаулы руының бір атасы.

Жаңай – Үстірттегі құдық және Жыңғылды ауылына жақын Қаратау аңғары. Жаңай – Адай тайпасының Тобыш тараған Зорбай руының бір атасы. Шежіре дерегі бойынша Адай, одан – Тобыш, одан – Жайық, одан - Әлменбет, одан – Зорбайдан Жаңай өрбіген. Бозащыда Жаңайқазған – су көзі де кездеседі.

Жеменей – Маңғыстау ауданындағы қорым. Жеменей – Адай тайпасының Келімбердіден тараған аталарының бірі.

Зорбай – Маңғыстау ауданындағы сай. Зорбай – Адай тайпасының Тобыш руынан тараған аталарының бірі.

Келімберді – Маңғыстау ауданындағы жер. Шежірелік Адай атаның Құдайке және Келімберді деген екі баласы болған. Келімберді – Адай тайпасының руы.

Кенжеқазған – Бозашыдағы құдық атауы. Адай атадан айтумыс, одан - өрдек, одан – кенже тарайды.

Қарашқазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Адай атадан Тобыш, одан – Ораз, одан – Шегем, одан Қараш тарайды.

Қосқұлақ – Бейнеу ауданындағы құдық, қорым. Адай атасынан Мұнал, одан – Жаулы, одан – Қосқұлақ тарайды.

Қыдырша – Маңғыстау ауданындағы құдық, жер. Адай атасынан Мұнал, одан – Бәйімбет, одан – Алдаберді, одан – Райымберді, одан – Текей, одан - әнет, одан – Қыдырша тарайды.

Қырықмылтық – Түпқараған ауданындағы мола. Қырықмылтық – Адай тайпасының Мұналдан тараған аталарының бірі.

Медет – Маңғыстау ауданындағы жер. Адай атадан Мұнал, одан –Бәйімбет, одан – Сабытай, одан Медет тарайды.

Сарышоңай – Бейнеу ауданындағы құдық, қорым. Адай атадан Тобыш, одан – Ораз, одан – Жайық, одан – Әлменбет, одан Шоңай тарайды. Сарышоңай Шоңай руының адамы.

Тұяқарым – Маңғыстау ауданындағы қоныс. Адай атадан мұнал, одан –жаулы, одан – жары, одан – назар, одан – тастемір, одан – тұяқ тараған.

Шалбарқазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Шалбар (Мәмбетқұл) – адай тайпасының түрікпенадайдан тараған аталарының бірі.

Шолаққазған – құдық. Адай атадан Жеменей, одан – Жомарт, одан – Қожамсүгір (Шолақ) тараған.

Алашақазған – Бейнеу ауданындағы құдық. Кіші жүз құрамындағы он екі ата байұлының ішіндегі іргелі рулардың бірі – Сұлтансиық. Алаша – Сұлтансиықтан тараған аталардың бірі.

Сонымен антропотопонимдер тек жеке адамдардың атын ғана емес, көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың жаз жайлауы, қыс қыстауының нақты межеге (шекараға) бөлінгендігін, сол меже көші-қонның негізгі бағыт-бағдарын айқындаушы фактор болғандығынан хабар берсе, этнонимдерден пайда болған атаулар халықтың қоныс аударуы, жылжуы сияқты этникалық процестермен байланысты. Маңғыстау өңірінің этнотопонимдік картасында қазақ руларының да және бүгінгі күні осы аймақты мекендейтін халық атауларынан жасалған топонимдер де молынан орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – Москва: Наука, 1973, - 366 с.
2. Никонов В.А. Введение в топонимику. – Москва, 1965, -179 с.
3. Меңдалыұлы А. Адай шежіресі. – Алматы, 2002, -480 б.
4. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997, – 384 б.
5. Бейнеу. – Алматы, 2001, -136 б.
6. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев – суреткер. – Алматы, 2002, -260 б.
7. Сейдімбеков А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана, 2008, -728 б.
8. Қондыбай С. Есен-қазақ. – Алматы: Үш қиян, 2002, -352 б.
9. Атаниязов С. Словарь туркменских этнонимов. – Ашхабад, 1988, -180 с.
10. Омарбекұлы С. «Шәуілдір» топонимінің шығу төркіні жөнінде // Қазақ тілі білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2007. – 312 б. + 8 б. жапсырма.

ТОПОНИМЧЕЛОВЕЧЕСКИЕ ИМЕНА, ТРАЙБ-РУ СЛУЖБА ИМЕН

Кошимова Бибатпа Амирхановна - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматривается роль человеческих имен и родовых названий в создании топонимов. Анализ топонимов в связи с человеческими именами и племенными названиями позволяет показать общие правила номинации географических объектов, характер, объем и продуктивность топонимической лексики, что позволяет раскрыть смысловое пространство культуры казахского народа.

Антропотопонимы сообщают не только имена отдельных людей, но и население, ведшее кочевой образ жизни, о том, что лето, зима были разделены на конкретные рубежи (границы), что стало определяющим фактором основных направлений миграции, а имена, образованные этнонимами, связаны с этническими процессами, такими как миграция, перемещение населения. Поэтому в статье определено, что на антропотопонимической, этнотопонимической карте Мангистауского региона содержится большое количество человеческих имен и топонимов, образованных казахскими племенами, жившими в данном обществе, и народными названиями, населяющими этот регион на сегодняшний день.

Ключевые слова: топонимия, топоним, антропонимика, этноним, антропотопоним, этнотопоним.

MAKING A FLOOD HUMAN NAMES, TRIBE-RU SERVICE OF NAMES

Koshimova Bibatpa Amikhanovna - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article examines the role of human names and generic names in the creation of toponyms. The analysis of toponyms in connection with human names and tribal names allows us to show the general rules for the nomination of geographical objects, the nature, volume and productivity of toponymic vocabulary, which allows us to reveal the semantic space of the culture of the Kazakh people.

Anthropologists report not only the names of individual people, but also the population that led a nomadic lifestyle, that summer and winter were divided into specific boundaries (borders), which became the determining factor of the main directions of migration, and the names formed by ethnonyms are associated with ethnic processes, such as migration, population displacement. Therefore, the article determines that the antrotoponymic, ethnotoponymic map of the Mangystau region contains a large number of human names and toponyms formed by Kazakh tribes who lived in this society, and folk names inhabiting this region today.

Keywords: toponymy, toponym, anthroponymy, ethnonym, anthropotoponym, ethnotoponym.

МРНТИ 16.21.47

КӨНЕ ЖАЗБА МҰРАЛАРДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМДЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

КӨШІМОВА Б.Ә.

Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан.
[e-mail:bibatpa.koshimova@yu.edu.kz](mailto:bibatpa.koshimova@yu.edu.kz)

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау өңіріндегі географиялық атаулардың шығуы мен даму тарихы туралы жазылған ежелгі дәуірден XVI ғасырға дейін аймақтық қарапайым тарихи зерттеулер мен ізденістерді және Маңғыстау өлкесінің Ресейге қосылуының бастапқы және екінші кезеңіндегі маршруттық және арнайы тарихи (XVI ғасырдан XX ғ. дейін) зерттеулерді қарастырамыз.

Географиялық орны жағынан Еуропа мен Азия арасындағы елшілік және миссионерлік саяхаттардың, керуен жолдарының қақпасы болған Маңғыстау аймағы саяхатшылар мен ғалымдар назарын ерте кезден-ақ өзіне аударған. Маңғыстауға қатысы бар деректер араб-парсы саяхатшыларының (әл-Истахри, Ибн Русте, Ибн Нәджиб, Ибн әл-Әсир, Рәшиддәддин, Ибн Фадлаллах әл-Омари т.б.) жазба құжаттарында кездесе бастайды. Сонымен қатар Маңғыстау өлкесінің Ресейге қосылуының бастапқы және екінші кезеңіндегі маршруттық және арнайы тарихи зерттеулер болып табылатын Орыс географиялық қоғамының (РГО) еңбектерінің маңызы зор болды.

Өлкеміз туралы сонау көне замандардан жазылып қалған азды-көпті тарихи, зерттеу еңбектерінің бүгінгі ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін пайдасы зор құнды мұра болып табылады. Оларда алқашқы рет өлкеміздің бұлақтары мен құдықтары, су көздері мен ежелгі жолдары, этнографиясы, мәдениеті, фаунасы мен флорасы туралы мәліметтер жазылған.

Түйінді сөздер: топоним, географиялық атаулар, этнография.

Маңғыстау өңіріндегі географиялық атаулардың шығуы мен даму тарихын іздестіруде «негізінен, үш дерекке сүйенуге болады: бірінші, археологиялық қазбалар, екінші, көне жазу мұралардағы мағұлматтар, үшінші, ежелден осы күнге дейін қолданылып келе жатқан сол топонимдердің өздері» [1, 17 б.].

«Тарихи деректер этногенез бен атаулар тілін зерттеушілер үшін үлкенді-кішілі ақпараттар береді. Алайда бұлардың арасында ономастика, басқа ғылымдарға қарағанда, атаудың халық тарихына, жер тарихына қатысты соңғы сөзін айтушы болмақ, өйткені ол дәлірек және нақты деректермен сөйлейді» [2, 45 б.].

Географиялық орны жағынан Еуропа мен Азия арасындағы елшілік және миссионерлік саяхаттардың, керуен жолдарының қақпасы болған Маңғыстау аймағы саяхатшылар мен ғалымдар назарын ерте кезден-ақ өзіне аударған. Бұл аймақтың үстімен Хорезм мен Хиуадан Еуропа мен Таяу Шығысқа қарай Ұлы Жібек жолы өткен.

Маңғыстау өңірін географиялық тұрғыдан танып-білудің ұзақ тарихы бар. Маңғыстаудың ежелгі қалалары мен жер-су атаулары туралы жазылған еңбектерді екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Маңғыстау өлкесінің ежелгі дәуірден XVI ғасырға дейінгі аймақтық қарапайым тарихи зерттеулер мен ізденістер.

2. Маңғыстау өлкесінің Ресейге қосылуының бастапқы және екінші кезеңіндегі маршруттық және арнайы тарихи зерттеулер (XVI ғасырдан XX ғ. дейін).

Облыстың солтүстік-батысы мен батысын жиектеп жатқан Каспий теңізі «Тарих атасы» деп аталған саяхатшы Геродоттың біздің заманымызға дейінгі V ғасырдың 40-шы жылдарының соңы мен 30-жылдардың басында жазылған тоғыз кітаптан тұратын «Тарих» атты еңбегінде сөз болады. Ол «Тарихта» мынадай деректер келтіреді: «Каспий басқа теңіздерге ұқсамайды, себебі теңіздің басқа теңіздермен байланысы жоқ, оның ұзындығы ескекті кемемен 15 күндік жол, ал енінің ең жалпақ жерінде небәрі 8 күнде жетуге болады. Каспий теңізінің батыс жағы таумен қоршалған, шығыс жағы – қараса көз жетпейтін ұлан-байтақ жазық дала [3, 24 б.] – деп, бірінші болып Каспий теңізінің басқа сулармен жалғаспайтын тұйық су алабы екенін, оның солтүстіктен оңтүстікке созыла біткен жалпы пішінін дұрыс тұжырымдайды.

Сондай-ақ әл-Масуди, әл-Беруни еңбектерінде де Хазар (Каспий) теңізі туралы деректер кездеседі. әл-Берунидің «Таксим ал-акалим» («Климаттардың бөлінуі»), «Ал-Асар ал-бакийа ал-Курун ал Халийа» («Бұрынғы ұрпақтардан қалған іздер: қысқаша хронология») деп аталатын еңбектерінде Каспий және Арал теңіздері мен олардың төңірегіндегі аудандардың неғұрлым толық сипаттамасы берілген. Ғалымның пікірінше, Амудария өзенінің бір тармағы Каспий теңізіне құйған деп есептеледі. Сонымен қатар Солтүстік Каспий алқаптарын мекендеген далалық тайпалардың оғыз одағының құрамына кіргенін және Арал теңізінен бастап Каспийдің шығыс жағалауына дейін далалық алқаптар екенін мәлімдейді [4, 82 б.].

X ғасырдан бастап Маңғыстауға қатысы бар деректер араб-парсы саяхатшыларының (әл-Истахри, Ибн Русте, Ибн Нәджиб, Ибн әл-Әсир, Рәшиддәдин, Ибн Фадлаллах әл-Омари т.б.) жазба құжаттарында кездесе бастайды.

Маңғыстау туралы алғашқы мәлімет шығыс тарихшысы әл-Истахридің 930-933 жылдар шамасында жазылған «Китаб месалик әл-мемалик» атты еңбегінен Каспий теңізінің шығыс жағалауында Сиях-Кук (парсы тілінде «Қаратау» деген сөз) деп аталатын қамалдың орналасқандығы туралы деректерді оқимыз. Әл-Истахри былай деп жазады: «Мен Сиякухтан басқа жерді білмеймін, онда түркілер тайпасы тұрады, олар жақында ғана олар мен гуздардың арасындағы туындаған араздық себебінен қоныстанған. Олар гуздардан алыстап, оны өздерінің панасы етіп алды, онда олардың бұлақ көздері мен жайылымдары бар» [5, 169 б.].

Маңғыстаудың орталығынан Үстірт жазығына дейінгі аралықта батыстан шығысқа қарай созылып жатқан таулы алқап бұл жерде қазірдің өзінде Қаратау аталады. Бұл деректерден бізге Маңғыстау жерінде қамал-қаланың болғаны, ол жерде түркі тайпасының өмір сүргені белгілі болады.

Келесі бір парсылық географиялық «Худуд ал – алем» атты еңбекте: «Екінші бір арал – ол Сияхкук. Онда теңіз бен далалықтарда күресіп жүрген түркі тайпалары тұрады» [5, 210 б.] – деп, онда түркі тайпасының мекендейтінін нақтылай түседі.

XIII ғасырдың бас кезінде Хорезмде болып қайтқан араб саяхатшысы Якут сөздігінде де Сиях-Кукпен қатар қазіргі Маңғыстау сөзінің көне нұсқасы Манғышлақ деген атауы да кірген [5, 424,435 бб.]. Ол Манғышлақты – Хорезмнің ең батыс шекарасындағы, Орыс мемлекеті, Саксин және Хорезм аралығындағы мықты бекініс қамалы деп көрсетеді: «Мангашлаг – орыс елі, Хорезм, Саксин аралығында, Табаристан, Жейхунға құятын теңіз маңында тұратын бейбіт қамал» [5, 435 б.].

Манғышлақ атауын Мухаммед ибн Наджиб Бекранның «Джехан – намә» атты еңбегінен де кездестіреміз: «Манғышлақ. Түркілер тайпасы. Олар гуздармен болған келіспеушілік себебінен Абескун теңізінің жанындағы Сияхкух облыстарынан өтіп, өмір сүрген жерлерінен кетті. Онда су көздері мен жайылымдар тауып, олар сол жерге тұрақтауға тоқтап, ханы басқарған» -деп, маңғышлақ тайпасы және олардың өз ханы бар екендігін айтады [5, 349 б.].

XI ғасырда жазылған Махмуд Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат-түрк» еңбегінде тарихшыларға, географтарға, лингвистерге керекті аса құнды деректер мол кездеседі.

Онда сол кездегі түркі халықтарының этнонимдерінің, антропонимдерінің, топонимдерінің қойылу тарихын, мағынасын ашуға талпыныс жасалады. Махмуд Қашқаридың «Түрк сөздігінде» (Диван лугат ит-турк) Манғышлақ аты да кездеседі. «Манқышлақ – оғыздар еліндегі бір жердің аты» – деп көрсетілген [6, 525 б.].

XIII-XIV ғасырлардағы араб-парсы оқымыстылары Ибн Нәджиб, Ибн әл-Әсир, Рәшиддәдин, Ибн Фадлаллах әл-Омари шығармаларында да бұл өлке туралы сөз болған жерлерде Манғышлақ аталып отырады.

Осы деректерде кездесетін Манғышлақ атауымен қазіргі Маңғыстау атауының дыбыстық белгілері жағынан бір-бірінен айырмашылықтары болғанмен, шын мәнінде, олар тек бір ғана атаудың екі түрлі варианты ғана. Мұның алғашқысы оғыз тілдеріне тән де, кейінгісі қазақ тіліне тән [7, 19 б.].

Өлкетанушы А.Еділхан «Итальянцы на Каспий» мақаласында XIV-XV ғасырларда итальяндықтардың Алтын Ордамен сауда-саттық келіссөздері арқылы өлкеде болғандығын айта келіп, 1367 жылы ағайынды Франциска және Доминика Пицигани және 1375 жылғы Катольон карталарында Мелмеселак (Манғышлық) және Өлі шығанақ деп аталатын (qolfode moranty, қазіргі Өлі қолтық) жердің кездесетінін жазады [8, 6 б.].

Сонымен жоғарыда көрсетілген араб-парсы, грек, италян жазбаларында өлке мен оны мекендеген халықтар туралы алғашқы мағұлматтар пайда болғанын және өлке атауының түрлі жазба көздерінде екі-үш нұсқада қолданылғанын (Сияхкук – Манғышлақ – Мелмеселак) байқауға болады.

Маңғыстау өлкесінің Ресейге қосылуының бастапқы және екінші кезеңіндегі маршруттық және арнайы тарихи зерттеулеріне Орыс географиялық қоғамының (РГО) еңбектерін жатқызамыз.

Полковник Ф.Ф.Берг басқараған Орыстың ғылыми экспедициясы 1825-1826 жылдары бірінші рет Үстіртті зерттеді.

«Біз Үстірт пен көкжиекте көрініп тұрған Тұманды деп қате аталған тауларды көрдік. Олар алыста сәл де болса тегіс емес жері жоқ, өткір ұшсыз және қыратсыз жазылған қара қабырғаға ұқсап солға, оңға қарай созылып жатыр. Біз әуелі Үстіртті анық көрдік, бірақ біраздан соң одан кейін шыққан оның етегіндегі күнді көрдік, олар мен біздің арамызда оның негізін бұлтпен жапқан қалың ақ тұман түсті, тек қана тегіс қыраттың жоғары бөлігі ауаға қалқып бара жатқандай болды; одан кейін тұман жаймен жоғары қарай көтеріліп, күннің ерте сәулесіндегі көгілдір Үстірт біздің көз алдымыздан ғайып болды. Мұндай шыдамсыздықпен және көптен күткен тау тізбесі біз үшін қуанышты оқиға болды және оны жасыру біз үшін бір түрлі түсініксіз және жұмбақ сияқты болды. Біз болашақты алыс түсініксіз күйде көргендей болып қалдық та, олар болашақ сияқты тұманның астына жасырынып қалғандай», – деп экспедицияға қатысушы, XIX ғасырдың белгілі ғалымы Э.А.Эверсман өзінің Үстіртпен алғашқы кездесуін поэтикалық тілмен осылайша баяндайды.

Жаратылыстану тарихы үшін бұл экспедиция айрықша құнды ақпараттар берді. Каспий мен Арал теңізі аралығындағы территория алғаш рет жан-жақты зерттелді. Журналға бұл өлкенің географиялық жер бедерінен нақты мағұлмат беретін деректер, құдықтар мен бұлақтар, су көздері, молалар, оба, қорымдар мен ескі жұрттар, өзен-көл, құм, тау, өсімдіктер дүниесі енгізілген. Манғышлақ таулары, Сам және Матай құмдары, Қарасор соры, Қайнар бұлағы т.б. арнайы сипатталған.

«Үстірт географиялық атауы бірінші рет 1825-1826 жылдардағы экспедиция кезеңінен бастап, яғни Э.А.Эверсманнның экспедиция туралы жазылған қолжазбасында алғаш рет «Усть-урт» болып жазылып, ғылыми айналымға түсе бастады [9, 294 б.]. Үстіртті аралаған Э.Эверсман төрт бірдей жер асты мешіті туралы да мәлімдейді. «Оның бірі Маңғыстауға жақын жердегі Оғыланды да, екіншісі ескі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал Жағасындағы Баялыда», – деп Бекет атаның өмірінің әр кезеңінде қалдырған сәулетшілік қолтаңбасы туралы баяндайды.

Маңғыстауды алғаш зерттеушілердің бірі – Г.С.Карелин болды. Ол 1832 жылы «Каспийдің солт.-шығ. алқабын зерттеген экспедицияны басқарып, оны алғаш рет картаға түсіреді. «Патша өкіметі Каспий теңізінің батыс бетіндегі Кавказ, Астрахань қалаларынан кемемен келетін әскерге қажет азық-түлік сақтайтын қолайлы жер тауып, қамал салу үшін белгілі саяхатшы, табиғат зерттеушісі Г.С.Карелинді 1832 жылы Маңғыстауға жұмсаған» болатын [10, 238 б.].

Өлкенің табиғатын, ауа-райын зерттеумен қатар, жергілікті халықтар, олардың (рулардың) үй саны, көші-қоны туралы да мәліметтер жинастырады.

Г.С. Карелин түбектің солт.-шығ. жағалауын түгелдей аралап шығып, әскер бекініс салуға Қайдақ соры маңындағы Қызылтас мүйісін қолайлы деп табады. Оған мынадай дәлелдер келтіреді:

- 1) табиғаттың өзі жасаған қамал орны деуге болады және екінші жағынан, тас, әк, тақтатас, балшықтардың молдылығы;
- 2) тұщы су қорының барлығы, оны көбейту мүмкіндігі;
- 3) адамдарды, азық-түлік, қаруды үшкүндік қана жолы бар Гурьевтен оңай, арзанға, тез арада алып келуге болатындығы;
- 4) жүкті түсіруге қолайлылығы;
- 5) Үстіртке екі жерден оңай, қауіпсіз шығып кетуге болатындығы;
- 6) ең бастысы, Хибаға оңай сапар шегуге болатындығы және сусыз даламен, бірақ қысқа жолмен жүретін бір жер бар, онда көктем мен күзде қар, жаңбырдан мол су жиналады [11, 482 б.].

Сөйтіп, 1834 жылы Қызылтаста бес жүз әскер ұстайтындай Ново-Александровск қамалы салынады.

Маңғыстауды аралап, «1846 ж. Маңғышлақ түбегіне сапар» атты еңбегін жазған орыс ғалымы – М.И.Иванин. «1846 ж. «Маңғышлақ түбегіне сапар» деген мақаласында Маңғыстау өлкесінің тарихына тоқталып, күмбездер, қолдан ойылып, бедерлеп салынған суреттер, Шерқала тауының етегіндегі тас қамал, тұрғын үй, құдықтар т.б. туралы құнды пікірлер айтқан.

Мысалы, қолдан ойылып, бедерлеп салынған суреттер туралы былай деп жазады: «Мұнда тасқа қашалған жазуы бар құлпытастар көп кездеседі. Таңбаларды оқитын ғалымдар, сөз жоқ, бұл өлкенің өткені туралы мол мағұлмат табары анық. Көптеген құлпытастарда сөзден басқа қылыш, мылтық, тапанша сияқты жерленгендердің тірісіндегі кәсіптерін көрсететін заттардың да суреті қашалған. Ендігі бір қорымда жолбарысты қуып келе жатқан екі иті бар салт атты бейнеленген... Ауқаттылардың моласы жабайы қойдың мүйізі, сүйектерімен жабылған» [12, 335 б.]. Шерқала тауы туралы: «Шерқала құзы – құмдақтан тұратын және шеңбері шақырымға жуық тік жартас; оған шығу үшін баспалдақтар жасалған; етегінде тас бекініс бар; үстінде тұрғын жай іздері мен құдық болған терең шұңқыр бар» деген мәліметтер кездеседі. Бұдан басқа өлкедегі Ақтау, Қаратау, Отпан, Қаратаушық таулары және Бөрлі, Сарықұдық, Үдік, Ащыбас, Боржақлы, Торты, Қалың-Арбат, Құм шыңырауы, Кертті құдықтары, Ақмыш бұлағы, Сиырсу көзі, Бұлақ, Қаракөл тұзды көлдері туралы деректер келтіреді. Қаратаудан тұщы сулы бұлақтардың көп ағатынын, оларды қырғыздар (қазақтар) егінге жіберіп, жүгері, тары, бидай егетінін айтады [12, 349 б.].

Өлкенің су көздері мен мәдени ескерткіштері туралы жазылған әскери топограф П.В.Алексеевтің «Бозащы түбегінің топографиялық сипаттамасы» және «Үстірттің солтүстік бөлігі мен оған шектесетін аймақтың Жемге дейінгі топографиялық сипаттамасы» атты еңбектерінің де маңызы зор болды. П.В.Алексеев Үстіртке 1834 жылы келіп, сапар қорытындысынан «Үстірттің солтүстік бөлігі мен оған шектесетін аймақтың Жемге дейінгі топографиялық сипаттамасы» атты еңбегін жариялайды. Өлкетанушы, жазушы Ә.Спан әскери топограф П.В.Алексеевтің осы еңбектерін мұрағаттардан тауып, аудармасын «Топограф Алексеев және Маңғыстау» атты еңбегінде жариялады [13].

«Бозашы түбегінің топографиялық сипаттамасы» – осы өңірдің жері, суы, табиғаты, өсімдігі, этнографиясы, мәдениеті, тұрғындарының тұрмыс-салты жайында алғаш хатқа түскен өте құнды еңбек.

1833 жылдары Сарытас шығанағынан кемемен келіп түскен соң, Ақтаудың теріс бетін Тұзбайыр сорына дейін, Өлі Қолтық, Қаракешу, Қайдақ шығанақтарының жағасымен бүкіл Бозашыны тегіс зерттеп картаға түсіреді. Құдықтардың саны, суының мөлшері мен ащы, тұщылығы түгел қамтылады [14, 99-100 бб.].

П.В.Алексеев бұл еңбегінде Үстірттің тауы, құдығы, бұлағы, құмы, жайылым жерлері, көлі, молалары туралы мол мәлімет берген. Мәселен, «Мүйістер: Мансуалмас, Түйемойыншаппа, Барак, және Шағрай. Таулар. Үстірттің сипатталып отырған ернегінде қазақтар арасында тау делінетін мынадай шоқылар бар: Алтынтөбе, Шөлтау, Дөңқара, Ақшабас, Жаманайрақты, Ортатөрткіл, Қызыладыр, Тоқсанбай және Тамды. Аңғарлар. Шыңдағы керемет аңғарлар: Утас, Қызылсай, Ырмақ, Ақшабас, Ақсай, Манашы, Мансуалмас, Түйемойыншаппа, Үшсай, Тасастау, Тұщыайрық, Шерше.

Бұлақтар, көздер мен құдықтар: Үстірттің солтүстік беті мен батыс ернегіндегі саны мен суының сапасы жөнінен елеулі бұлақтар, көздер мен құдықтар мыналар: Қызылбас, Сақыр, Бугурстам, Утас, Ақжар немесе Ырмақ, Сейсим, Тайпақ, Қыштым, Қызылтөбе, Ақсай, Қаракұдық, Жиделі, Қарабұлақ, Көкшесу, Есет, Ащы және Тұщы Айрық, Ақсай. Қойнау: Маната, Қаратүйе, Жығылған, Алтынтөбе, Ақшабас. Үстірттің үсті. Құдықтар: Илеғажы, Утас, Боранқұл, Ешкіқырған, Уәлі, Жолбаян, Киікбай, Төлеп, Қосқұлақ, Бешауыз, Арыстанбұғы. Сайлар: Құдайназар, Ақшеку» – деп, жер-су атауларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сипаттама беріп отырған.

Маңғыстаудың бұлақтары мен құдықтары, су көздері, ежелгі жолдар туралы мәліметті 1870 жылдары Маңғышлақ әскербасы және приставы болған, полковник Н.П.Ломакин жинастырған. Оның бұл жазбалары ИРГО-ның Батыс Кавказ бөлімшесі журналында (8 кітап, 1873ж.) жарияланған. «Маңғыстау түбегі және одан Каспий сырты өлкесінің әр пунктіне баратын жолдар» деп аталады. Құндылығы – керуен жолдары бойындағы ірілі-уақты құдықтар саны, суының ащы-тұщылығы, арақашықтықтары, маңының оты дәл көрсетілген» [14, 87 б.].

Н.П.Ломакиннің жинаған мәліметтері Маңғышлақ пен Үстірттің су көздерінің тізімін жасаған комиссия жұмысына пайдаланылған.

«Маңғышлақ байлығын игеру үшін 1892 жылы арнайы комиссия жұмыс жасады. Оның ең басты нысаны Маңғышлақ пен Үстірттің су көздерін анықтау болды. Комиссия 363 құдық пен бұлақты тіркеген. Н.П.Ломакин жинаған және комиссия тіркеген, сондай-ақ уезд бастығының көмекшісі Говоровтың тапқан мәліметтерінен Маңғышлақта құдықтар мен бұлақтардың үш түрі бар екендігін анықталған: билердің, рудың және қазақтар мен түрікмендерге ортақ су көздері. Маңғышлақтың бір өзінде, Үстіртті қоспағанда, 1870-ші жылдары 817 тұщы сулы құдық, 322 тұзды сулы құдық, барлығы 1138 құдық, ал 1899 ж. – 1211 ауызсулы, 2957 тұзды сулы құдық, барлығы 4167» болған [15, 14 б.].

Н.П.Ломакиннің, жоғарыдағы көрсеткен, еңбегінде бұлақтардың басында отырған қазақтар туралы да айтылады. Онда көрсетілген бұлақтардың саны – он жеті. Олар: Ұланақ, Жыңғылды, Тұщыбек, Шетпе, Оңды, Шон, Қызылтам, Ағашты, Көрпешік, Шайыр, Күркіреуік, Ақмыш, Арпалы ой, Аусары, Барыс, Сарқауақ, Жармыш [10, 323 б.].

Сондай-ақ Н.П.Ломакин керуен жолдары туралы маңызды мәлімет келтірген. «Жол бар жерде ел бар, ел бар жерде географиялық атау бар, тарих бар» [16, 78 б.]. «Шығыс пен Батыстың алтын көпіріндей болған «Ұлы Жібек» жолының екі тармағы бір кездері қазіргі Маңғыстау облысының үстімен өткен. IX-X ғасыр аралығында Хорезмнен келген керуен Сартас айлағы арқылы Хазарияға, ары Еуропаға кетіп отырса, Үстірт (Бейнеу үсті) арқылы Алтын Орда дәуірінде Сарайшықтан Үргенішке қарай керуен жолы өткен. XIII-XIX ғасырларда осы екі жол «Ескі Ноғай» (Атыраудан Үргенішке дейін) және «Хиуа

тракті» (Форт-Шевченко – Хиуа) деген атпен қайта жанданды. Алғашқы керуен жолының маршрутын қазіргі Мақат – Бейнеу – Қоңырат темір жолы қайталайды. Ал көшпелі Маңғыстау қазақтары түбектен Жем, Ойыл бойына дейін көшіп отырған, оны тарихта «Адай көшінің жолы» деп атайды» [17, 102 б.].

Ежелгі жолдар өлкенің өткендегі саяси, мәдени тіршілігімен қоса, шаруашылық жүргізу мәдениетін де көрсететін құнды дерек болып табылады.

Халық жазушысы Ә.Кекілбаұлы полковник Н.П.Ломакиннің «Маңғыстау түбегі және одан Каспийден арғы өлкенің әр қилы жерлеріне баратын жолдар туралы» еңбегіндегі сол кездегі ең негізгі мынадай жолдарды көрсеткен:

1) Адай ауылдарының Жем бойына көшетін жолы: Қаңға – Түбіжік – Үдек – Тарталы – Ұланақ – Жыңғылды – Тұщыбек – Шетпе – Аусары – Күркіреуік – Қаратүйе – Өтес – Ешкі қырған – Қатша – Тәңкі – Қосқұлақ – Манашы – Күйкен – Алты құлаш – Азнағұл – Қарашүңгіл – Жібін – Бақашы. Қашықтығы – 600 шақырым.

2) Қыста теңіз қатқанда маңғыстаулықтар Гурьевке (қазіргі Атырау) теңізді жағалап мұз үстімен қатысып тұрады. Ол маршрут: Жиделі – Байта – Прорва – Қаратон – Боярды – Жем – Ракушка – Қағыл – Гурьев.

3) Форт-Александровскіден Красноводскіге баратын жол: Сағақұдық – Түлкілі – Қаражалшы – Қошқар Ата – Ақеспе – Ащыкүй – Саража – Ұлықүй – Қожаназар – Тамшылы – Кендірлі – Темір баба – Қанжақ – Қарасенгір – Дүлділ ата – Тамды – Атжарма – Қарабұғаз – Кенеже – Тасқұдық – Кендірлі – Красноводскі. Қашықтығы 580 км, керуенмен 15-23, ал атпен 10 күнде жетеді.

4) Форт-Александровскіден Көне Үргенішке баратын ежелгі Маңғыстау жолы: Форт-Александровск – Қаңға – Кіштім – Ащыбас (Шат) – Бердіккен – Бекі – Бөрлі – Сұмса – Сенек – Бесоқты – Сайқұдық – Босаға – Қарқын – Елтежі – Бойлар – Қызылақыр – Табынсу – Айбұғыр – Көне Үргеніш. Қашықтығы – 800 шақырым, керуенмен 30, атпен 15 күнде жетеді. Жазушы «өлкедегі басқа жолдар осы негізгі маршруттардың қосалқы тораптары болып табылатынын» [10, 319 б.] айтады.

Ә.Спан мен Ж.Дүйсенбаеваның «Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы» атты еңбегінен 1878 жылы Айрақтыдан Қоңыратқа дейін керуен жүргізген ағайынды көпестер Васюшиндердің осы аталған бағытта кездесетін құдықтар туралы берген мәліметтерін кездестіреміз. «Айрақты – қазіргі Төлеп темір жол бекетінің тұсындағы теңізге сұғына енген арал түбек. Кеме тоқтауға ыңғайлы айлақ бар...бұл – сол кездегі үлкен елді мекен. Орны әлі сақталған. Аталған керуен 100 түйеден құралған және олар арбаға жегілген. Қоңыратқа дейін 17 күн жүрген. Жолшыбай суы мол құдықтар басында еру болған. Керуеннің сапар бағыты – Тәңке (суы тұщы) – Тұрмұрын (алғаулы) – Қарабаян (тұщы) – Ақшымырау (алғаулы) – Бесшыңырау (тұщы) – Балақырғын (тұщы) – Сарымсақ (тұщы) – Қарақұдық (тұщы) – Белгісізқұдық, Аққұдық (аздап ащылау) – Табын су (аздап ащылау) – Итібай (сәл ащылау), Қоңырат» [14, 85 б.].

Авторлар аталған бағыттағы құдықтардың саны, арақашықтықтары, қаншалықты тұщы, ащылығы дәл көрсетілген деп баға береді.

Маңғыстаудың көрікті жерлері мен тарихи ескерткіштерінің суреттерін салып, қазақ жерінің табиғатын, халқының тұрмысын өте реалистік түрде бейнелеген Б.Залесский мен Т.Г.Шевченко болды. Олар XIX ғасырдың 50 жылдарында Маңғыстауда айдауда болады.

Поляк суретшісі Бронислав Залесский (1820-1880) Орынбор корпусының қатардағы жауынгері болып қызмет етеді және жер аударылудан оралған соң 1865 жылы Парижде суретті альбом-кітабын жарыққа шығарады. Онда еуропалықтардың ішінде алғашқы болып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы осы өңірдегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, сондай-ақ өлкенің табиғи ерекшеліктерін де шынайы түрде көрсетеді. Ол Айрақты тауы, Ханға баба, Шерқала, Ақтау, Доляпа мазары, Новопетровск шығанағы, Маңғыстау жыралары, Борлы

тауларының суретін салып, түсініктеме берген. Б.Залесский Шерқала тау туралы: «Шерқаланың сыртқы алып тұлғасы Рим Пантеонына, болмаса сол сияқты ерте дәуірдегі атақты бір ескерткішке ұқсайды. Оған жақын келіп, бор кесектеріне түсірілген тіс-тіс ойындылар мен ғажайып ескерткіштерге толы алып құрылыстың қабырғалары мен ұшар басы ерекше мүсіндірмен тұйықталар алып бағаналардың сынықтарын көріп тұрғандай әсер аласың [18, 118 б], – деп толғанса, Үстіртті: «Даланың ең бір сүреңсіз де сұрықсыз тұсы – Үстірт. Бір кездері үстінде толқып жатқан теңіз бекер-ақ шегінген, себебі адам үшін бұл жер кәдеге аспайды. Жаратылысы әлі толық аяқталып болмағандай көрініп, жаныңды жабырқатар осынау көріністі көрген кез келген тіршілік иесіз бұл маңнан безініп кетердей, – деп суреттейді [22, 93 б.]. Ал Борлы таулары туралы былай деп жазады: «Табиғаты әлдеқайда сұлу, көркем келеді. Ол ұзаққа созылған әкті жоталардан құралса, жоталардың әр тұсында керемет қалалар мен ғажайып сарайлардың құлағаннан қалғаны сияқты әртүрлі кесек жартастар жатады. Қызғылт түсті шатыры бар аппақ бағандарды көргенде, жасыл өсімдіктері ғана жоқ деген болмаса, үндінің храмдарын көріп жүргендей әсер аласың» [19, 127 б.].

«1851 жылы Маңғыстаудың көмір байлығын зерттеуге арналған геологиялық экспедицияның құрамында Б.Залесский, Герндермен украин халқының ұлы ақыны Т.Г.Шевченко де Новопетровск қамалынан шығып, бес ай бойы Қаратау маңын аралап, 70-тен аса сурет салады. Бұл туындыларының ішінде «Шерқала», «Қаратау бетінен қарағандағы Апажар алқабы», «Данысман мола-әулие», «Торыш», «Торыш алқабы», «Ақмыштау» т.б. ерекше шабытпен салынған» [20, 24 б.].

Оңтүстік Маңғышлақтың ойпаттарын зерттеген М.В.Баярунастың «Безоточныя впадины южного Мангышлак» деген еңбегі бар. 1913 жылы Маңғышлақта экспедициямен болып, осы еңбегін жазған. Маңғыстаудағы Батыр (Қарақия), Артқауынды, Қауынды, Өзенқұдық, Гүрлі, Қошқарата, Башғұрлы, Шынжыр, Шынжырбасар, Қараманбас, Шұқырой, Төңірекшың ойпаттары туралы мәліметтер береді [21].

Сонымен өлкеміз туралы сонау көне замандардан жазылып қалған азды-көпті тарихи, зерттеу еңбектерінің бүгінгі ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін пайдасы зор құнды мұра болып табылады. Оларда алқашқы рет өлкеміздің бұлақтары мен құдықтары, су көздері мен ежелгі жолдары, этнографиясы, мәдениеті, фаунасы мен флорасы туралы мәліметтер жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1989, -254 б.
2. Заимов И. Этногенезу болгарского народа по данным болгарской топонимии//Перспективы развития славянской ономастики. – Москва, 1980, С.45-48.
3. Геродот. История в девяти книгах. Перевод и примечания Г.А. Стратановского. Кн.1. – Л.: Наука, 1972, -509 с.
4. Беруни Абу Райхан. Геодезия. Исследования. Перевод и примечания П.Г.Булгакова. – Ташкент, 1966, -360 с.
5. Материалы по истории туркмен и Туркмении VII-XV вв., т I. Арабские и персидские источники. – М.-Л., 1939, -384 с.
6. Қашқари М. Түркі сөздігі: Үш томдық жинағы. 1-том.– Алматы: Хант, 1997, - 590 б.
7. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым, 1965, -205 б.
8. Едилхан А. Итальянцы на Каспий//Огни Мангистау, 15.12.2005.
9. Первые русские научные исследования Устюрта. – Москва, 1963, -325 с.
10. Кекілбайұлы Ә. Ұйқыдан оянған ару//Таңдамалы шығармалар жинағы. т.7.,– Алматы: Өлке, – 1999, 194-358 бб.

11. Путешествия Г.С.Карелина по Каспийскому морю //Записки ИРГО, 1883, т.10.
12. Иванин М.И. Поездка на полуостров Мангышлак в 1846 г.//Записки РГО, 1847, Кн. 2, С. 267-305.
13. Спан. Э. Топограф Алексеев және Маңғыстау. - Алматы, 2006, -200 б.
14. Спан Э., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, - 224 б.
15. Турсынова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. - Алма-Ата, 1977, -184 с.
16. Сейдімбеков А. Күнгір-күнгір күмбездер. – Алматы, 1981, -239 б.
17. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. – Алматы, 1997, - 135 б.
18. Залевский Б. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы, 1991, -132 б.
19. Залевский Б. Қазақ даласының өмірі. – Астана, 2003, - 136 б.
20. Өмірбаев Е. Т.Шевченко – Қаратауда//Білім және еңбек, 1964, №3, 24-б.
21. Баярунас М.В. Безоточные впадины южного Мангышлак. –Петроград, 1918, -44 с.

В ДРЕВНЕМ НАСЛЕДИИ НАСЛЕДИЕ ВИДЫ ТОПОНИМОВ МАНГИСТАУ

Кошимова Бибатпа Амирхановна - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В статье рассматриваются региональные элементарные исторические исследования и разработки с древнейших времен до XVI века, рассказывающие об истории происхождения и развития географических названий в Мангистауском регионе, и маршрутные и специальные исторические (с XVI по XX в.) исследования начального и второго периода присоединения Мангистауского края к России.

Мангистауский регион, ставший по географическому положению воротами посольских и миссионерских путешествий, караванных путей между Европой и Азией, с давних времен привлекал внимание путешественников и ученых. Данные, имеющие отношение к Мангистау, встречаются в письменных документах арабо-персидских путешественников (аль-Истахри, Ибн Русте, Ибн Наджиб, Ибн аль-Асир, Рашиддадин, Ибн Фадлаллах.

Большое значение имели также труды Русского географического общества (РГО), являющиеся маршрутными и специальными историческими исследованиями на начальном и втором этапах присоединения Мангистауского края к России.

Многие исторические, исследовательские работы о нашем крае, написанные еще с давних времен, являются ценным наследием, полезным для современной научно-исследовательской работы. В них впервые содержатся сведения о родниках и колодцах, источниках и древних путях, этнографии, культуре, фауне и флоре нашего края.

Ключевые слова: топонимы, географические названия, этнография.

IN ANCIENT HERITAGE HERITAGE VIEWS OF MANGISTAU TOPONYMS

Koshimova Bibatpa Amikhanovna - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article deals with regional elementary historical research and development from ancient times to the XVI century, telling about the history of the origin and development of geographical names in the Mangistau region, and route and special historical (from the XVI to the XX century.) studies of the initial and second period of the accession of the Mangistau region to Russia.

The Mangystau region, which has become the gateway of embassy and missionary travel, caravan routes between Europe and Asia, has attracted the attention of travelers and scientists for a long time. Data related to Mangistau are found in written documents of Arab-Persian travelers (al-Istakhri, Ibn Rust, Ibn Najib, Ibn al-Asir, Rashiddaddin, Ibn Fadlallah.

The works of the Russian Geographical Society (RGS), which are route and special historical studies at the initial and second stages of the accession of the Mangystau Region to Russia, were also of great importance.

Many historical, research works about our region, written since ancient times, are a valuable heritage, useful for modern research work. For the first time, they contain information about springs and wells, springs and ancient paths, ethnography, culture, fauna and flora of our region.

Keywords: place names, geographical names, ethnography.



ГТАХР 17.71.07

**ФОЛЬКЛОРДАҒЫ МИФТІК
НЕГІЗДЕР ТАБИҒАТЫ**

ҚОБЛАНОВ Ж.Т.

Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан.

e-mail: zholaman.koblanov@yu.edu.kz

ҚАРЫМСАҚОВА Б.Ә.

Ш. Есенов атындағы
Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан.

e-mail: baktigul.karimsakova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Ежелгі мәдениет пен әдебиет әлемдік, жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада антикалық мотивтердің түркі халықтарының мифологиясымен ұқсастығы қарастырылады, ғалым, мифолог Серікбол Қондыбайдың осы мәселені шешудегі жаңа тәсілдері талданады.

Фольклорлық, ежелгі негіздерді анықтау, оларды бағалау, талдау – түркітілдес халықтардың мифологиясындағы өзекті мәселе.

Мақалада сонымен қатар мифологияның қалыптасуындағы фольклорлық негіздердің рөлі, халық эпостары мен аңыздарының табиғаты анықталады.

Түйінді сөздер: миф, антик мәдениет, фольклор, мифтік образ, рухани болмыс, пері, көшпелі түркі тайпалары, дүниетаным, табиғат, ертегі.

Әлемдік мәдениетте ерекше орны бар көшпелілер дүниетанымы, яғни табиғатқа барынша жақын түркілік таным негізінде туындаған фольклорлық-мифологиялық мұра қазіргі мәдени жады, рухани болмысымыздың негізгі қайнар көзі екендігі анық. «Антика мәдениетінің дүние жүзі мәдениетіне тигізген әсері өте күшті болды. Сондықтан, антикалық мәдениетті білмей тұрып, қазіргі заман өмірінің мәнін толық түсіну мүмкін емес»[1,6]. Көшпелі түркі тайпалары дүниетанымының қайнар көзі табиғат екені белгілі. Табиғатпен біте қайнасқан түркілердің салт-дәстүрі, наным-сенімі, дүние туралы түсінігі «Түркі мифологиясы» атты ауқымды кеңістікті түзеді. Олар табиғатты жаратушы күшті «Тәңірі» деп таныса, табиғат – сол Тәңірінің жаратқаны, сондықтан да оған деген құрмет ерекше болу керек деп түсінді.

Халық ауыз әдебиетінде көбірек айтылатын мифологиялық әлем – аспан және жер асты әлемі. Мифтік уақыттағы мифтік сана үшін бұл - шындық. Сол мифтік әлемнің бірінің тұрғындары - перілер. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде перінің қызы Бекторы Төстікке ғашық болады. Халық аңыздарында Баба Шашты түкті Әзіз де дария жағасында

пері қызына ұшырасады. Перілер туралы сенім халық ұғымына сіңгені соншалық, күні бүгінге дейін олар жайлы аңыздар ақиқат түрінде айтылып келеді. Халық түсінігінде, перілер көбінесе адаммен сипаттас, сондықтан да қасиетті адамдар перілерге үйленеді. Перілер де адамдар сияқты, туады, өледі. Перілердің адамға зияны тиетін оқиғалар да фольклорда жиі кездеседі. «Перінің салқыны тиген», «Пері соғып кеткен» деген сөздер осы наным негізінде шыққан болуы ықтимал. Біздің заманымызға жеткен әпсаналарға сүйенетін болсақ, перілер де мұсылман, кәпір болып бөлінеді. Мұсылмандарға көп зияны тиетін - кәпір перілер.

Баба-Ғұмар әулиенің көзі тиген қыз жүкті болып, Баба түкті шашты Әзіз дүниеге келеді. Бұл жерде магиялық күшке сену (көз тигеннен жүкті болу), сиқырлы ие туралы наным-сенім (баланың ғайыптан жаратылуы) көрінеді.

Фольклорлық мұраларда да көп кездесетін бейне – осы Баба түкті шашты Әзіз. Ол – батырлардың пірі, әулие. Жаратылысы ерекше адамдардың өмірге келуінің өзінде құпия сыр бар деген ұғым олардың туысын өзгеше етіп баяндаудан анық көрінеді.

«Алпамыс» жырында Байбөрі мен Аналыққа, Алпамысқа камқор болған құдіретті күш иелері - Тәңірі, Баба түкті Шашты Әзіз, Ғайып ерен қырық шілтен үнемі басы-қасында болып, қолдау көрсетіп отырады. Тәңірі мен Ғайып ерен қырық шілтен «Алпамыс» жырында сирек кездесетін мифтік образ болса, Баба түкті Шашты Әзіз - Алпамысты дүниеге келген уақыттан бастап, өз еліне аман-есен келгенше желеп-жебеп жүретін құдірет иесі [2,172].

«Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасына көз жүгірте кетелік:

Сол арада Байбөрі тыныштық көңілі тіледі.
 Су ішкелі бұрылып бұлаққа таман жүреді.
 Қатарынан өткізбей иіліп келіп ақ шеңгел етегінен іледі.
 Ырым қып іші сүйініп миығынан күледі.
 Бұл жерге келіп орнаған,
 Көпке мағлұм болмаған,
 Баба түкті Шашты Әзіз білсеңіздер бұл еді.
 Өзбек пенен қазақтың қысылған жерде жар болған
 Ақиқат кәміл пірі еді.
 Енді өлемін дегенде,
 Бейшара шалға кез болып,
 Етегінен бұрап ап,
 Жібермей тартып тұр еді.

«Бағзы заманда Баба Ғұмар деген кісі әулиелік қылып жүрген шағында бір қызға көзі түсіпті. Баба Ғұмардың көзі түскен қыз құдайдың құдіретімен жүкті болып қалады да, ұл туады. Ұлына Баба түкті Шашты Әзіз деп ат қояды».

Серікбол Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» еңбегіндегі мәтінде: «Бір күні Баба түкті Шашты Әзіз Жылыбұлақ басында қой бағып жүріп үш пері қызды көреді. Олар аққу құс кейпінде бұлаққа ұшып келіп, құс киімдерін шешіп тастап, сұлу ару келбетінде шомылып жатқан. Оны көрген Шашты Әзіз бірінің киімін тығып қойып, оны өзіне әйел болуға көндіреді. Қыз күйеуге шығар алдында үш шарт қояды: бірінші — аяқ киімін шешкен кезде қарамау, екінші — шашы мен тырнағына қарамау, үшінші — қолтығына қарамау, жігіт бір күні шартты бұзады, қыз аққуға айналып ұшып кетеді, артынан іште қалған баланы әкеліп тастап кетеді. Бұл бала кейін Едіге деген (Парпария) атпен белгілі болған», - деп берілген[3, 265].

Халық арасында кең тараған мынадай да мәтін бар: «Баба түкті Шашты Әзіз де жиырма бес жасқа келгенде әулиелік жолға түседі. Бір күні ол Ағұн (бұл кейде Ніл дариясы деп те айтылады. Ағынды өзені болса керек) дариясының жағасынан алтын шашын алдына алып тарап отырған аруды көреді. Баба түкті Шашты Әзізді байқап қалған қыз дереу терең суға шомып кетеді. Оның артынан әулие де суға сүңгиді.

Дарияның түбінде қаз-қатар тігілген алпыс отау бар екен. Баба түкті Шашты Өзіз алпыс ақ отауды аралап жүріп, әлгі ару қызды тауып алады. Ол ай десе аузы, күн десе көзі бар, үстінен жұпар аңқыған, бұлықсып бойжеткен пері қызы екен. Баба түкті Шашты Өзіз қызды көріп көңілі тояды. Оны өзіне де қимай, келген жерінен кері қайтып кеткісі келеді. Бірақ перінің қызы әулиенің етегінен тартып жібермейді. Ол: «Егер мені алып кетсең, он бестегі күнәмді мойныңа жүктеймін!» - дейді. Баба түкті Шашты Өзіз: «Олай болса мен сені алайын», - дейді келісіп. Екеуі үйленіп, некесін қидырады. Некелескен күні періштенің қызы Баба түкті Шашты Өзізге: «Мен етігімді шешкенде, аяғыма қарамайсың; көйлегімді шешкенде, қолтығыма қарамайсың; басымды жуғанда, шашыма қарамайсың», - деп шарт қояды.

Күндердің күнінде Баба түкті Шашты Өзіз әйелінің етігін шешкенде, аяғын көреді - ол ешкі тұяқты екен; көйлегін шешкенде, қолтығына қарайды - қолтығының астында өкпе тәрізденіп қанат көрініп тұрады; шашын жуғанда, бас терісін сыпырып алдына алып жуады екен. Мұны сезіп қойған әйелі: «Әулие, шарт бұзылды, мен енді сенің қасыңнан кетемін. Ішімде алты айлық ұлың бар. Мені енді іздегенмен таппайсың. Балаңды Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарының маңына тастап кетемін. Өзің іздеп тауып аларсың», - дейді. Осыны айтады да, перінің қызы аспанға ұшып кете барады.

Баба түкті Шашты Өзіз пері қызынан туған перзентін іздеп, Ағұн дариясының жағасындағы Құмкент шаһарына келеді. Шаһар маңынан жібек жөргөкке ораулы баласын тауып алады. Баласына Едіге деп ат қойып, оны бағып-қағып өсіреді.

Әкелік қарызынан құтылған Баба түкті Шашты Өзіз баласы Едігені ер жеткен соң Ноғайлы жұртының ханы Тоқтамысқа әкеп табыстайды да, ел-жұрттың алдында көзден ғайып болады...» - деген аңызды Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай өзінің Тіл ұшындағы тарих («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы») еңбегінде атап өтеді.

Ал Баба түкті Шашты Өзіз болса, өзінің дүниеге келуі - Тәңірдің қалауымен болған іс. Өз әкесі Баба Ғұмар қарапайым қызға көзі түскеннен қыздың ішіне бала бітіп, Баба түкті Шашты Өзіз туса, Зевстің қалауымен Океанида Метиданы кішірейтіп жұтып қойған соң, Афина дүниеге келеді. Бұл В.М. Жирмунскийдің «партеогенезис теориясы», яғни гүл иіскеннен жұтып қойып, қайта дүниеге келтіру немесе физиологиялық қатынассыз-ақ жүкті болу теориясы бойынша пайда болған тәңіриелер, құдіретті күші бар жандар.

Ресми тарихнама бұрынғы қожалардың қаламынан шыққан мұсылмандық шежіреден ауытқып кете алмаған. Ол бойынша, Баба Түкті Шашты Өзіз VIII ғасырда өмір сүрген кісі. Бір деректе оның шын аты — Баба Түклас (Баба Түктіні тарихта өмір сүрген адам — Ықлас баба деген кісі дейді, Баба Ықлас — Баба Түклас — Баба Түкті болып өзгерістің нәтижесі деп есептелінеді), ал әкесінің аты Керемет Өзіз болса, екінші бір аңызда ол Ахмет Яссауидің арғы ата-бабасының бірі, үшінші бір аңызда ол Еділ-Жайыққа дейін келген кісі, одан Құтлыбек (Құттықия), ал Құтлыбектен әйгілі Едіге туған. Ал Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» жырларында Баба Түкті образының кездесуі, оның Едіге сияқты эпостық батырларға ата-баба болуы және тарихи Едіге мен тарихи ноғайлардың ортасының Маңғыстауға да қатысты болуын ескеріп, осы ұштағандық «Баба Түкті Шашты Өзіз» ноғайлы дәуірінде Маңғыстаудағы танымал киелі нысан болған деудің реті бар [4,128].

Қорыта айтқанда, осы мысалдар арқылы түрік фольклорындағы образдардың шығу тегін, қызметін анықтауда әлемдік деңгейдегі ежелгі мифологияның тамырын көреміз. Ежелгі гректер мен римдіктердің әдебиетіне, мифологиясына шығыстың әсері түбегейлі ықпал жасамаса да, белгілі дәрежеде әсері болған деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қобланов Ж. Антикалық әдебиет: Оқу құралы. - Алматы, «Nur-Press», 2018. – 388 б.
2. Тоқшылықова Г. Антика әдебиетінің тарихы: Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Астана, 2013. – 253 б.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: «Арыс», 2008. – 533 б.
4. Қондыбай С. Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. – Алматы: «Арыс», 2008. – 694 б.

ПРИРОДА МИФИЧЕСКИХ ОСНОВ В ФОЛЬКОРЕ

Кобланов Жоламан Таубайович - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Каримсакова Бактыгуль Абдимухановна - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. Античная культура и литература имеет важное значение в развитии мировой, общечеловеческой культуры. В данной статье рассматривается схожесть античных мотивов с мифологией тюркских народностей. Анализируются новые подходы решения данного вопроса молодым ученым, мифологом Серикболом Кондыбай.

Определение фольклорных, античных основ, их оценка, анализ – является актуальной проблемой и в мифологиях тюркоязычных народов.

В статье также рассматривается роль фольклорных основ в формировании мифологии, определяются природы народных эпосов и легенд.

Ключевые слова: литература, писатель, исторический роман, легенды, правитель, принцесса, повелитель, любовь и зло, добро и зло, добро и жестокость.

THE NATURE OF MYTHICAL FOUNDATIONS IN FOLKLORE

Koblanov Zholaman. Taubayevich - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Karimsakova Baktygul Abdimuhanovna - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. Ancient culture and literature is of great importance in the development of world, universal culture. This article examines the similarity of ancient motifs with the mythology of the Turkic peoples. New approaches to solving this issue are analyzed by the young scientist, mythologist Serikbol Kondybai.

The definition of folklore, ancient foundations, their assessment, analysis is an urgent problem in the mythologies of the Turkic-speaking peoples.

The article also examines the role of folklore foundations in the formation of mythology, determines the nature of folk epics and legends.

Keywords: literature, writer, historical novel, legends, ruler, princess, overlord, love and evil, good and evil, good and cruelty.

UDK 378.147 (045)

**THE ROLE OF GAME IN TEACHING
A FOREIGN LANGUAGE AT
THE INITIAL STAGE**

YUSSIMBAYEVA S.

Sh.Yessenov

Caspian University of
Technologies and Engineering,
Aktau, Kazakhstan.

[e-mail:salikha.yussimbayeva@yu.edu.kz](mailto:salikha.yussimbayeva@yu.edu.kz)

Abstract. This article runs about the role of the game in teaching a foreign language in the secondary school at the initial stage. The initial stage is important because the success in mastering the subject at subsequent stages depends on how the training is going on at this stage.

In the modern world, the main goal of mastering any foreign language is the formation of the ability to communicate freely in this language. Role games in the classroom give students the opportunity to relax, communicate and make decisions in the target language.

Keywords: pedagogical technologies, intercultural communication, speech activity, role play.

The need for continuous improvement of the system and practice of education is due to social changes taking place in society. The issues of improving the quality of education and the level of upbringing of the student's personality have been and remain a priority in the modern methodology of teaching a foreign language. Reforming of school education and introduction of new pedagogical technologies into the practice of teaching should be regarded as the most important condition for the creative intellectual and moral development of the student.

It is the development that becomes the key word of the pedagogical process. Foreign language, as a subject, has great opportunities for creating conditions for the cultural and personal development of schoolchildren. Therefore, it is no coincidence that the main goal of teaching a foreign language at the present stage of the development of education is the student's personality, capable and willing to participate in intercultural communication in the studied language and independently improve in the speech activity that he speaks in foreign language. The task before the school is first of all to introduce and use effectively new pedagogical technologies.

In the school a special place is occupied by such forms of classes that provide active participation in the lesson of each student, increase the individual responsibility of schoolchildren for the results of educational work. These tasks can be successfully solved through the technology of game training forms. The game is of great importance in the life of the child, the same as an adult's activity, work, and service. The game only looks seemingly light and easy. But in fact, it imperiously demands that the player gives it a maximum of his energy, intelligence, endurance, independence.

The purpose of this article is to determine the role of the game in teaching a foreign language in the secondary school at the initial stage. Under the initial stage in secondary school is understood the period of studying a foreign language, which allows laying the foundations of communicative competence necessary for their further development and improvement during the study of this subject. To the initial stage, as a rule, 1-4 classes of general educational institutions are included. To lay the foundations of communicative competence, it takes a fairly long time, because students need to get acquainted with the studied language as a means of communication from the first steps. This means that they must learn to understand a foreign speech by ear, express their thoughts with the means of the language being studied, read, that is, understand a

